

#ЖаңаҚазақстан

«Біз ұлан-ғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

РОЗА БАҒЛАНОВА – 100



БҰЛБҰЛ

5

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



ОТБАСЫ БЕРЕКЕСІ

қазаны қайнап,
дастарханы жайнап
тұратын қазақы қалыптан
бастау алса керек-ті

7

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 4 сәуірдегі мәлімет
бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 096 955

II компонентпен

1 075 426

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 4 сәуірдегі
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 456 797** адам,

II компонентпен **9 179 332** адам

вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны –

3 335 193

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.04.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с**

6.04.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



+25+27 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №35 (6170) 5 сәуір, сейсенбі, 2022 жыл.

«ТАЗА ТАБИҒАТ»

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ҚАЛА КӨРКІ



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, «Бірге – таза Қазақстан» акциясы мен Наурыз мейрамына орай «Таза табиғат» ұлттық экологиялық бағдарламасы басталып кетті.

Соған сәйкес, 2 сәуір күні «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары мен Бостандық ауданы бойынша Жастар ресурстық орталығы бірлесе отырып, «Жас қанат» саябағында қайың ағаштарын отырғызған.

2

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

МАНСАП ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ жастарды еңбекке ынталандыруға серпін береді



Кез келген елдің экономикалық әлеуетін көтеру жолындағы басты мәселе – жұмыссыздық. Соңғы 2-3 жылда Қазақстан бойынша жұмыс таба алмай жүргендер үлесі кемігенімен, мәселе толыққанды шешілді деуге келмейді.

Соңғы 2021 жылғы дерекке сәйкес, Алматы қаласы бойынша жұмыссыздық 5,1%-ды құрайды. Сенатор Бейбіт Исабаев жұмыссыздық, әсіресе, жастар арасында белең алғанын айтады.

«Жыл сайын жоғары оқу орындары мен колледждерді бітірген жас мамандардың 30%-ы жұмыссыз қалады. 30%-ы мамандығына сай келмейтін, біліктілігі мен жалақысы төмен жұмысқа орналасады. Елімізде жұмыспен қамтылғандардың 42%-ы бюджет қаржыландыратын салаларда жұмыс істейді», – деп түсіндірді сенатор.

3

ҚЫСҚА...

- Елімізде тұрғылықты жері бойынша тіркеудің жаңа түрі пайда болды.
- 11 жастағы қазақстандық Сағын Өмірбайұлы «Голос. Дети» шоуының финалына өтті.
- 4-8 сәуір аралығында Қазақстанның өңірлік онкологиялық ұйымдарында колоректальды қатерлі ісіктің алдын алу және ерте диагностикалау бойынша «Ашық есік күні» өтеді.
- Қаладағы мешіт қызметкерлері 100 мың кісіге арналған ауызсу мен құрма таратты.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





● ПРЕЗИДЕНТТИҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

ПАРЛАМЕНТТІ КҮШЕЙТУ

СЕНАТ

- Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10-ға дейін қысқарту (олардың ішінде 5-і ҚХА-ның ұсынысы бойынша). Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасын Мәжілістен Сенатқа беру.
- Сенат Мәжіліс қабылдаған заң жобаларын «қабылдамайды», керісінше «келіседі/келіспейді».
- Президент Конституциялық сот төрағасын, Жоғарғы сот кеңесі төрағасын тағайындау үшін Сенаттың келісімін алады.

МӘЖІЛІС

- Мәжілісті 70/30 қатынасында (70% партиялық тізім бойынша, 30% бір мандатты округтер бойынша) аралас жүйемен (пропорционалды-мажоритарлық) қалыптастыру.
- Мажоритарлық жүйе бойынша сайланған депутаттар үшін императивті мандат енгізу.
- Мәжілістері Қазақстан халқы ассамблеясының квотасын жою.
- Есеп комитеті Жоғары Аудиторлық палата болып өзгереді. Палата төрағасы өз жұмысы жөнінде жылына екі рет Мәжілісте есеп береді.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Парламенттің төменгі палатасында еліміздегі түрлі саяси көзқарастар көрініс табуға тиіс. Ешкімге жасанды артықшылық берілмеуі керек».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).



Жаңа Қазақстан
#Жолдау2022
Almaty
AQSHAMY

● НАУРЫЗ

ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

«Қазақ қыздарының парасат мектебі» атанған Қазақ ұлттық қыздар педагогика университетінде «Наурыз-думан, Наурыз-жыр» атты кеш өтті. Аталмыш кешке Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Түркия мемлекетінің Қазақстандағы Бас консулы Али Риза Ақынжы, Түркия елшілігінің атташесі Мехмет Ағырман қатысты.



Рая ЕСКЕНДІР

Алғашқы сөз кезегін шаһар басшысының орынбасары Арман Қырықбаев алып, қазақ қыздарының құтханасына айналған айтулы оқу ордасының қазақ білімі мен ұрпақ тәрбиесіне қосып отырған ерекше үлесіне тоқталды. Өз сөзінде осынау жылдар ішінде ұлт тәрбиешілерін тәрбиелеп, ұлтты қалыптастыру жолында өлшеусіз үлес қосқан оқу ордасының орасан зор еңбегі бар екенін атап өтті. Сонымен қатар, Али Риза Ақынжы бауырлас

екі мемлекеттің адал достығының мызғымас беріктігі тұрғысында сөз етіп, ұлы достықтың білім саласында да жалғаса беретінін жеткізді.

Оқу ордасының ректоры, Баскарма төрағасы Гүлмира Қанай барша қауымға өз құттықтауын арнаса, қоғам қайраткері Асылы Осман түлектер атынан сөз сөйледі. Осыдан соң оқу ордасының әрбір факультеті атсалысып, «Сырға салу», «Айттыру», «Ұрын бару», «Бесікке салу», «Тұсау кесу» сияқты ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғыртты. Қонақтар мен студенттер «Қазақ Аруы» су бұрқағы алаңында өткен сурет салу байқауы мен ұлттық ойындар жарысын тамашалады.

● «ТАЗА ТАБИҒАТ»



Динара МҰРАТ

(Басы 1-бетте)

Ағаш отырғызу басталар алдында Экология департаменті басшысы жастарға көгалдандырудың қазіргі экологиялық жағдайдың шеңберінде маңыздылығын түсіндіріп, жалпы ережелермен егжей-тегжейлі таныстырды.

«Қазіргі уақытта жергілікті атқару органдарымен департамент бірлесе отырып, қала экологиясын жақсарту жолында барын салуда. Экологиялық сауаттылықты арттыру мақсатында біз жастардың барлық идеялары мен ұсыныстарын қолдаймыз», – деді Алматы қаласы бойынша Экология департаментінің басшысы Қонысбек Ескендірұлы.

Аталмыш шараға жиналған жастардың қарасы көп болды. Олардың қатарына қарапайым белсенділер, эко-активистер, жалпы, қаламыздың экологиялық жағдайына бейжай қарай алмайтын жандар жиналған.

«Біз – «Go eco» ұйымының мүшелеріміз. Бүгінгі шараға қатысу арқылы өз белсенділігімізді танытып, қаламыздың экожүйесіне, көгалдандырылуына өз үлесімізді қосқанымызға қуаныштымыз. Бұл – атмосфераны тазалауға себепші болатын жай ғана ағаш отырғызу емес, қаламыз бен елімізге деген үлкен сүйіспеншілігімізді білдіру жолы», – деді ұйым топ басшысы Ұлпан Қайратқызы.

Алматы жастар кеңесі белсенділерінің атынан сөйлеген Әділ Тыныштықбайұлы Наурыз мейрамын өзгеше атап өту үшін осындай игі бастаманы бастағандарын айтып, орталықтың алдағы жоспарларымен бөлісті.

«Жастар кеңесінің белсенділері біздің қалада, бүкіл әлемде орын алып жатқан эко-



логиялық ахуалды жақсы біледі, түсінеді. Бүгін Наурыз мейрамын тойлау аясында біз мерекені өзімізше атап өткіміз келді. Өйткені, Наурыз мерекесі табиғат атаулының қыстық ұйқыдан оянып, жер бетін жасыл кілем басатын беймарал уақытпен тұспа-тұс келеді ғой. Сондықтан алмалы Алматымызды одан әрі көгалдандыру үшін ағаш отырғызамыз деп шештік. Алдағы уақытта экологиялық бастамалар жөніндегі комитет ашу және қала тұрғындары арасында қоршаған ортаны қорғау туралы кең ауқымды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр», – деді Бостандық ауданы Жастар ресурстық орталығының басшысы.

● ТАЗАЛЫҚ

КЕМІРГІШТЕРМЕН КҮРЕС

Алматыда көктемгі дератизация жұмыстары басталады



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Дератизациялық өңдеуге мамандандырылған дәрігерлер мен арнайы техника жұмылдырылады. Аула аумақтарында дератизация жүргізу кезінде жеке сектордың тұрғындары арнайы улы химикаттарды тегін алатын болады. Кеміргіштерді жою жөніндегі кампанияға кәсіпкерлік нысандар да қатысады. Бұдан басқа, алдын ала өңдеумен шамамен 3,5 мың сауда орындары мен өнеркәсіп кәсіпорындары, 500-ден астам білім беру объектілері мен денсаулық сақтау мекемелері, оның ішінде ауруханалар, емханалар, мектептер мен балабақшалар, метро, вокзалдар мен стадиондар қамтылады.

Көктемде және күзде жүргізілетін дератизация жұмыстары егеуқұйрықтар мен тышқандардың санын азайтуға, сондай-ақ аса қауіпті жұқпалы және инвазиялық аурулардың таралуының алдын алуға бағытталған.

Қала әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, дератизация мегаполистің 47 мың гектардан астам аумағында жүргізіледі. Жұмыс барысында саябақтар, скверлер, өзен жағалаулары, су қоймалары, арық науалары, контейнерлік алаңдар өңделеді.

● ЖАСЫЛ АУЛА

ТЕГІН КӨШЕТ ТАРАТЫЛАДЫ

Жасыл экономика басқармасы жыл сайын көктемде «Жасыл аула» науқанын өткізеді.



Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Экологияны жақсарту және қала тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында қолға алынған көгалдандыру жұмыстары биыл да жалғасын тауып, шара аясында тұрғындарға тегін көшет таратылады.

Тегін көшет алу науқанына қатысу туралы өтініш берген тұрғындарға 2400 жапырақты көшет беріледі. Олар талап бойынша отырғызылған ағаштарды алдағы екі жыл бойы күтіп-баптау туралы кепілді міндеттемеге қол қояды.

Биылғы науқанда жеке және заңды тұлғалардан 191 өтініш келіп түскен. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 50%-ға жоғары екен.

Басты мақсат – аулалар мен жалпы қолданыстағы аумақтарды көгалдандыру, эколо-



гиялық мәдениетті қалыптастыру. Көпқабатты үйлер ауласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға ниетті әрбір алматылыққа шаған, үйенкі, шегіршін, терек, қараған мен қайыңның көшеттері тегін беріледі.

Науқанға қатысушылар отырғызылған ағаштарды алдағы екі жыл бойы күтіп-баптау туралы кепілді міндеттемеге қол қояды. Ағаштарды жақын күндері отырғызып, басқармаға фотоесеп жолдау қажет. Ауқымды көгалдандыру шаралары қаланың барлық ауданында жүргізіледі.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

МАНСАП ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ

жастарды еңбекке ынталандыруға серпін береді



Динара
МҰРАТ

(Басы 1-бетте)

Әрине, жұмыссыздықтың алдын алу шаралары мен механизмдері жетерлік. Алматыда халықты, әсіресе, жастарды еңбек етуге ынталандыру шаралары қолға алынған. Мысалы, жыл сайын өтетін мансап жәрмеңкелері. Биыл Алматыда 50-ден астам халықаралық компанияларды жинаған DMUK Careers Fair – ең ірі кәсіби көрме ұйымдастырылды. De Montfort University Kazakhstan қабырғасында өткен жәрмеңке жұмыс іздеушілермен жеке кездесу үшін жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен бос жұмыс орындары, тағылымдамалар мен мансаптық жетістіктердің құпияларымен бөлісуге арналған.

Екі күнге созылған конференция аясында 20-дан астам түрлі саладағы 50 жұмыс берушінің көрмесі, компаниялардың топ-менеджерлерінен қатысушылары үшін мастер-класстар, өзекті тақырыптар мен компаниялардың тұсаукесерлеріне арналған панельдік пікірталастар өткізілді.



Одан бөлек, қатысушылар HR мамандарымен жеке кездесіп, жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы біліп, орналасу алдындағы кездесулерде өзін қалай ұтымды таныстыруды, өз дағдыларын сынап көруді және «Жиі қойы-

латын сұрақтар мен оларға қалай жауап беру керек?» деген сияқты тақырыптар бойынша 30-дан астам халықаралық және Ұлттық спикерлердің шеберлік сабақтарын тыңдауға мүмкіндік алды.

ЕКІ ҚОЛҒА БІР КҮРЕК ІЗДЕГЕНДЕР КӨП

Көрмеден бізге белгілі, біз біле бермейтін компаниялардың біразын көріп, мұнда жастардың көптігіне қуандық. Бір ғана біз емес, кәсіби мамандарды іздеп келген жұмыс берушілер де бұл тенденцияны байқаған.

«Жалпы, студенттер бүгінгі шараға аса қызығушылық танытуда. Менің байқағаным, жұмысқа тұруға мүдделі 4-курс студенттерінен бөлек, кез келген мүмкіндікті қағып алуға тырысатын 1-2-курс студенттері көп келген. Қазіргі жастар бірінші курстан бастап өз бағытын табуға, қалауына сәйкес жұмыс іздеуге талпынады – мақтауға тұрарлық талап. Яғни олар уақыт оздырмай тәжірибе жинауға кірісіп кеткен. Менің HR саласындағы ұзақ тәжірибемде мұндай құбылысты алғаш кездестіруім», – деді қызметкерлерді іріктеу бойынша маман Дария Мусапирова.

Аталмыш мамандықтар жәрмеңкесінің аудиториясы айтарлықтай кең. Себебі, шараға ұйымдастырушы жоғары оқу орны студенттерінен бөлек, кез келген жұмыс іздеушінің қатысып, тегін ақпарат алуға мүмкіндігі болды.

«Біздің университетіміз мамандықтар жәрмеңкесін алғаш ұйымдастырып отыр. Мұнда 17 компанияның өкілі жұмысқа тұру мәселесіне қатысты қажетті кеңестерін беріп, тәжірибелерімен бөліседі. Болашақта сұранысқа ие, қажетті дағдылар бойынша тренингтер де өткізіледі. Қазірдің өзінде 2000-нан астам адам қатысушы ретінде тіркелді. Аталмыш шараны дәстүрлі түрде жыл сайын өткізуді жоспарлап отырмыз. Біздің шараның басты ерекшелігі – жәрмеңкеге студенттер ғана емес, кез келген адам қатыса алады», – деп түсіндірді De Montfort University Kazakhstan директорлар кеңесінің мүшесі Сакина Зафар.

ӨЗІМІЗГЕ ҚАЖЕТ МАМАНДЫ ӨЗІМІЗ ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың басты себебі – жұмыс берушілердің жаңа ғана оқуын тәмамдаған студенттерден еңбек өтілін талап етуі. Қазір бұл мәселе де өз шешімін тауып, ірі компаниялар жоғары оқу орындарында өз сабақтарын енгізу арқылы бір келісімге келуге талпынуда.

«Бізге, банк ретінде, маманның жалпы білім деңгейі, базалық дүниелерді білуі, түсіністігі ғана маңызды. Өйткені, студенттер университеттерде оқып, біле алмайтын біздің банктің өзіне ғана тән бағдарламасы, өз функционалы бар. Яғни жұмыс барысында ғана қажетті тәжірибе жинай алады. Сондықтан біз оқу орындарымен бірлесе отырып, арнайы бағдарлама құрудамыз. Яғни 3-4-курс студенті өз ниетімен қосымша кредит – біздің сабағымызды алады. Әдеттегідей, білім алу сапасына қарай өзінің балдарын алады, бірақ курс оқытушылары – біздің банкте қызмет етіп жүрген, тәжірибелі мамандар. Олар керек дағдыларға үйретіп, тәжірибесімен бөліседі. Нәтижесінде курсты тәмамдаған студент біздегі бос жұмыс орындарына алынатынына сенімді бола алады. Қарапайым тілмен айтқанда, біз өзімізге өзіміз маман тәрбиелеп алмақпыз», – дейді HR-маман Лолита Восканян.

Маманның айтуынша, бұл бағдарлама әзірлену процесінде болғанымен, Сбербанк бұған дейін де осыған ұқсас сыртқы мектептерді ұйымдастырған. Мысалы, Data мектебі, IT-мектеп.

«Жобаның мәні – біз мектептерді ашып, қандай жоғары оқу орнында оқыса да, бастысы, базалық білімі бар студенттерді жинаймыз. Олар анағұрлым кәсіби, яғни нақты біздің бағытымыз бойынша білім алады. Ал соңында ең үздіктері біздің бос жұмыс орындарымызға үміткер бола алады», – деп түсіндірді Лолита Восканян.

IT МАМАНДАР ҮЛКЕН СҰРАНЫСТА

Біраз жұмыс берушілермен сөйлесіп, пікірлерін сұрағанда қазір ең сұранысқа ие мамандық – IT саласы қызметкерлері, банк, телефон операторлары, қаржылық компаниялар болсын, бәріне білікті ақпарат технологиялары мамандары қажет болып шықты.

«Көрмелерге жиі қатысамыз. Біз шақырылған барлық шараларға қатысуға тырысамыз. Компаниямыз түрлі сала мен мамандықтарды қамтығанымен, көбінесе IT мамандарын іздейміз. Себебі, цифрлық сауаттылық артты. Сондықтан бұл салада бәсекелестік пен сұраныс өте жоғары деңгейде. Қазақстандық ақпараттық технологиялар мамандарының біліктілігі артып келе жатқаны қуантарлық жағдай. Себебі, IT саласы – қазір ең сұранысқа ие мамандық», – деді Дария Мусапирова.

Алматыда сұранысқа ие осы салада түлектер шығаратын жоғары оқу орындары аз емес. Жұмыс берушілер «алма-

тылық түлектердің білім деңгейі жаман емес» дейді. Сонымен қатар, тәжірибе жинағысы келген талапкерлерді компаниялар стажер ретінде қабылдауға дайын екендерін жеткізді.

«Біз бүгін келіп түскен барлық түйіндемелерді жинап, іріктейміз. Кейін өзіне стажер немесе маман іздеген бөлім басшыларына тиісті түйіндемелерді жібереміз. Тәжірибе жинаймын деушілерге қойылатын талаптар: профильді білімі мен портфолиосына қоса алатын жобалары болуы тиіс. Осылайша біз әр талапкердің қолынан не келетінін, оның дағдыларын іс жүзінде көре аламыз», – деп түсіндірді маман.

Мұндағы барлық компаниялар барлық көрмелер мен жәрмеңкелерге жыл сайын белсенді түрде қатысатындарын жеткізді. Мысалы, бұл – Kcell компаниясының үшінші көрмесі. Жалпы, жәрмеңкелердің арқасында жылына әр компания орта есеппен 1000-нан астам түйіндеме жинайды екен.

P.S.

Алматы қаласының әкімі Е.Досаевпен кездесуде Ұлттық Ғылым академиясының басшысы, көрнекті ғалым Мұрат Жұрынов: «Бәрін былай қойғанда, елдің дамуы үшін алдымен экономикалық ахуалды дұрыстап, жұмыссыздық пен кедейшілікті жою керек», – деп атап айтқан болатын. Расымен де, қарапайым қажеттіліктерін қанағаттандырмайынша, адамның руханиятқа бет бұра қоюы неғайбыл. Сондықтан қаламызда осы мәселеге аса назар аударылып, кәсіп ашам дегендерге қолдау білдіріліп, жұмыс іздеушілерге мүмкіндік жасалып жатқаны – оң өзгеріс.

ТӘРТІП

Жақында қала әкімдігі Алматының сейсмикалық жағдайы мен тұрғындардың сұранысын ескере отырып, шаһардың жоғары бөлігіне биік үйлер салуға шектеу қою туралы шешім қабылдауды жоспарлаған болатын.

Бастама қолдау тапты



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Осыған орай, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жаңа ғимараттардың биіктігін шектеу туралы Алматы әкімдігінің бастамасын қолдап отыр.

Бұл туралы ҚР ИИДМ баспасөз қызметінің хабарламасында: «Алматы қаласының құрылыс саясатындағы өзгерістерге және Абай даңғылының оңтүстігіндегі аумақта жоспарланған көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің биіктігін шектеу туралы қала әкімдігі таратқан хабарламаларға байланысты министрлік шұғыл түрде жағдайдың себептерін талдау бойынша жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органмен қабылданған шешімнің себептерін түсіндіретін қажетті ақпарат беру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді», – делінген.

Хабарламада ведомство жергілікті атқарушы органның іс-әрекеттеріне сұратылған ақпараттың түсуіне қарай құқықтық баға беріп, сондай-ақ тиісті шешім қабылданғаны туралы атап өтілген. Сонымен қатар, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әкімдіктің бастамасын қолдайтынын айтты. Өйткені, енгізілген шектеу нәтижесінде мегаполистің құрылыс тығыздығы, оқшаулануы мен желдетілуін одан әрі бұзуға жол берілмейді.

«КЕДЕРГІСІЗ ОРТА»

Арнайы вагондар болады

Қазақстан пойыздарында енді мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған вагондар болады. Бұл 2024 жылдан бастап жүзеге аспақ.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің кеңейтілген отырысында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Берік Камалиев айтты. Оның ақпаратына сүйенсек, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында «кедергісіз орта» құру бойынша жұмыс шеңберінде Ұлттық стандарт талаптарына сәйкес еліміздегі 300 теміржол вокзалы мен станцияның 136-сы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін бейімделген. Сонымен қатар, мүгедек азаматтарға, оның ішінде балаларға теміржол көлігінде жол жүру құны 50% жеңілдікпен сатылады. Ал «Тұлпар-Тальго» пойыздарында арнайы орындарға билеттерді рәсімдеу 70% жеңілдікпен жүргізіледі.

Вице-министр министрлік ҚР-дың «Автомобиль көлігі туралы» Заңына түзетулер әзірлегенін атап өтті. Түзетулерге сәйкес қалалық маршруттар бойынша қатынайтын жаңа автобустар мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделуі тиіс деген талап көзделді. Қазіргі уақытта тиісті заң жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауында.

«Республика бойынша тұрақты қалалық маршруттарда 300-ге жуық тасымалдаушы жұмыс істейді, автобус паркінде 10770 көлік бар. Олардың 4515-і немесе 30%-ы халықтың қауқары аз топтарын тасымалдауға бейімделген. Сонымен қатар, өңірлерде жалпы саны 375 автокөлігі бар 119 инвалидті қызметі жұмыс істейді», – деді вице-министр.



АНТИКОР

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСУДА

«Antikor Ortalygy» сервистік орталығында мегаполис тұрғындары үшін ашық есік күні өтті және Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі жоғары оқу орындарының заңгер-студенттері үшін өз есігін ашты. Айта кеткен жөн, карантиндік шаралар басталғаннан бері «Antikor ortalygy» толық офлайн жұмыс режиміне қайта көшті.

қызығушылықты арттыру, сондай-ақ қызметке жас және сауатты мамандарды тарту болып табылады.

«Еліміздің болашағы, бүкіл қоғамның дамуы жастардың өмірлік ұстанымдарына байланысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта жастарға ерекше көңіл бөлінуі тиіс», – деді департамент басшысы Мұрат Ахметов.

Досбол
АТАЖАН

Іс-шараға Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Мұрат Ахметов, Агенттік жанындағы Қоғамдық кеңестің мүшесі Айнұр Сабитова, департамент қызметкерлері мен еріктілер қатысты.

Алдағы уақытта тұрақты негізде қаланың барлық тұрғындары «ореп-спаре» форматындағы арнайы кабинеттер орналасқан «Antikor ortalygy»-на сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жұмыс күндері жүгініп, департамент қызметкерлерінен заң консультациясын ала алады.

«Бүгін қабылдауға келген барлық тұрғындар тыңдалып, заңнамаларды түсіндіре отырып, өз сұрақтарына жауап алды. Орталықта азаматтар сыбайлас жемқорлықтың барлық фактілері туралы хабарлай алады, оған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері жедел әрекет етеді. Орталық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда қоғамның, жастар ұйымдарының, діни және этномәдени бірлестіктердің, азаматтық қозғалыстардың қиы-жігерін біріктіреді деп ойлаймын», – деп Агенттік жанындағы Қоғамдық кеңестің мүшесі Айнұр Сабитова атап өтті.

«Антикор орталығында «Ашық есік күні» болатынын естіп, әдейі келіп отырмын. Мен өз сұрағым баиланысты нақты жауап ала алдым. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталықтың мұндай шара өткізуі барлық қала тұрғындары үшін өте маңызды», – деді орталыққа келген Ербол есімді тұрғын.



Сондай-ақ, ашық есік күніне орай орталыққа Алматы қаласының заңгер-студенттері шақырылды. Іс-шара барысында студенттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі бағыттарымен және мемлекеттік қызметке жұмысқа орналасу рәсімімен танысты. Жоғары оқу орындарының түлектері үшін ведомство бойынша экскурсия өткізіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте пайдаланылатын құралдар мен жабдықтар көрсетілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне

«Біз жаңа Қазақстанды құруға болатын адал адамдардың ұрпағын өсіруіміз керек. Дұрыс емес және заңсыз жолдардан бас тартуға, заңға бағынатын мінез-құлыққа және заңды бұзудың кез келген әрекетін қабылдамауға автоматты түрде әрекет ететін заңгерлердің жас буынын тәрбиелеу маңызды», – деп атап өтті Агенттік жанындағы Қоғамдық кеңестің мүшесі Айнұр Сабитова.

Кездесу соңында студенттер кәсіби бағдарлау жұмысына бағытталған қызықты және танымдық іс-шараны ұйымдастырғаны үшін алғыстарын білдірді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тығыз байланыс жұмысты жандандырады

«Antikor Ortalygy»-ның бүгінгі жұмысы мен мақсаты туралы Алматы қаласының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі департаментінің басқарма басшысы Қанат Әсембайұлынан сұхбат алған едік.

– Антикор орталығының негізгі қызметі қандай?

– «Ашық есік күнін» өткізуіміздің негізгі мақсаты – Антикор орталығының жұмысын қайта жандандыру. Пандемия мен шектеулерге байланысты мекеме қызметін өз деңгейінде атқаруға мүмкіндік болмады. Бүгінгі күні Алматы қаласының жасыл аймаққа кіруіне орай орталық өз жұмысын толық атқаруды бастады. Екі жыл бұрын Алматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментінің жанында осы орталық ашылған еді. Антикор орталығының қызметі азаматтарды кедергісіз қабылдау және олардың өтініштері бойынша жедел шаралар қабылдау үшін арналған. Осы екі жыл ішінде орталыққа 10 мыңнан астам азамат жүгінген.

– Орталыққа келушілерді негізінен қандай мәселелер мазалайды?

– Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қала тұрғындарының барлық сұрақтарына осы жерде шешім табылған. Бірақ көбінесе, келушілер басқа мекемелердің құзырындағы өтініштерді береді. Мысалы, әкімдікке не сот қызметіне байланысты сұрақтар қояды. Ондай жағдайда біздің

қызметкерлер қысқаша түсініктеме беріп, арнайы орталықтарға бағыттайды.

– «Жаңа Қазақстан» құру мақсатында қандай іс-шаралар өткізілуде?

– Осы жылдың ақпана айында Президентімізбен жаңа Қазақстанға байланысты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тұжырымдамасы» бекітілген еді. Бұл тұжырымдама 6 бөліктен тұрады. Оның ішінде ең бастысы – халық арасында түсіндірме жұмысын жүргізу. Қарапайым адамдар көбінесе сыбайлас жемқорлыққа заңнаманы білмегендіктен барады. Біздің ойымызша, әр адам өз құқығын жақсы білетін болса, қандай жағдайда қай орталыққа өтініш бере алатынынан хабардар болса, ондай заң бұзуға бармайды. Сондықтан біздің тарапымыздан халық арасында, әсіресе жастарға бағытталған түсіндірме-насихаттық жұмыстар жүргізілуде.

– Пара туралы хабарлаған адамға берілетін ең жоғары сыйақы қандай?

– Сыйақы айтқан параның көлеміне байланысты беріледі. Ең жоғары сыйақы он екі миллионға жетуі мүмкін. Алдыңғы жылы сыйақы ретінде төрт миллионнан астам ақша берілді.

МЕРЕЙ

Бүгін – ҚР көші-қон полициясы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі

Жауапкершілік жүті салмақты

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жыл сайын 5 сәуірде аталып өтетін мереке 1999 жылы паспорттық-визалық қызмет ретінде қайта құрылып, кейінірек ол «Көші-қон полициясы» деп өзгертілген екен. Қазіргі таңда көші-қон қызметінің атауы ғана емес, міндеттері мен құрылымы да толықтай өзгеріп, жаңа, тың бастамалармен жұмыс атқаруда.

Қазақстанның көші-қон саясаты шетел азаматтарының республикада болу, олардың Қазақстан Республикасына кіру және шығу ережесін орындау тәртібін бақылауды қамтамасыз ету, шетел азаматтарының заңсыз көшіп-қонуына қарсы әрекеттер жасау, көшіп-қонушылардың құқығын сақтау және қорғау, ұлттық заңнама ережелері мен халықаралық міндеттемелерді орындау, т.с.с. секілді көптеген тараптардан тұрады.

Соңғы жылдары азаматтардың бір елдің ішінде немесе халықаралық шекара арқылы басқа мемлекетке қоныс аударуы қарқын алуда. Бұл ретте Алматы қалалық көші-қон қызметінің атқарар қызметінің маңызы зор. Бүгінде Алматы қаласының көші-қон қызметі алматылықтардың қауіпсіздігін сақтау мен олардың құқығын қорғауда, шетел азаматтарының елге келгендегі тәртібін қадағалауда сала мамандары аянбай еңбек етіп келеді.

Көші-қон полициясы қызметкерлерінің қатысуымен көптеген шаралар ұйымдас-тырылып, «дөңгелек үстелдер» өтеді. Зансыз мигранттарды анықтайтын «Келімсек», «Участок» іс-шаралары үнемі жүргізіліп тұрады. Аталмыш іс-шара шетелдіктердің тұруға арналған рұқсаттарының, ҚР визаларының, Қазақстан Республикасында уақытша болуға арналған рұқсаттардың қолданылу мерзімін тексеруді көздейді. Мәселен, өткен жылдың алғашқы үш айында қалаға 16 053 шетелдік азамат келген. Алматы қалалық ПД көші-қон қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Асхат Бутунчиновтің айтуынша, ҚР көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін 4641 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оның 344-і шетел азаматы екені анықталған. 81 шетелдік әкімшілік жолмен елден шығарылды. Әкімшілік тұрғыдан 29 жұмыс беруші басқа елдердің азаматтарын Қазақстан заңдарын өрескел бұзып жұмысқа қабылдағаны үшін жазаланған.

Сала мамандарының айтуынша, Алматы қаласының көші-қон қызметіне құжаттарын рәсімдеп, түгендеу үшін күніне кем дегенде 100-ге жуық азамат жүгінетін көрінеді. Ресми тіркелуге құжатын арқап келген жандарға кәсіби мамандар жан-жақты қызмет көрсетеді. Қала халқының қауіпсіздігі үшін еңбек етіп жүрген жандардың еңбектері жемісті, жеңісті болсын демекпіз.

СЕРВИС

Жұмысқа орналастыру жеңілдейді

Жұмысқа орналастыруды жеңілдету үшін «Электрондық жеке іс» сервисін іске қосты.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында «Электрондық жеке іс» жаңа сервисін іске қосты. Ол жұмысқа орналасу процесін жеделдетуге және қызметкердің жұмысқа орналасуы кезінде қағазбастылықтан құтылуына мүмкіндік береді. «Жұмыс берушілердің көбі әлі күнге дейін қызметкерлерден еңбек кітапшасын, жеке парақ пен өмірбаянды жазбаша тапсыруды талап етеді. Азаматтардың бұған наразылық білдіруі орынды. Мұндай ескі тәсілдерден арылу қажет», – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында.

Енгізілген сервис арқасында алдағы уақытта жұмыс беруші жаңа қызметкердің құжаттарын рәсімдеу үшін Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне сұрау салып, оның жеке ісін электрондық форматта ала алады.

Жұмыс беруші Еңбек кодексінде сипатталған шарттар шеңберінде мынадай кез келген ақпаратты: жеке куәлік деректерін, фотосурет, білімі және отбасы мүшелері туралы ақпарат, вакцинация, ЕШЕБЖ-дан жұмыс тәжірибесі туралы ақпаратты сұратуға құқылы.

Бұдан басқа, мынадай электрондық анықтамаларды алуға болады:

- соттылықтың болмауы/болуы туралы;
- психоневрологиялық, наркологиялық және туберкулезге қарсы диспансерлерде есепке алу туралы;
- 0/75у анықтама;
- мүгедектік туралы анықтама.

Бұл ретте жұмыскерге смс-хабарлама ретінде немесе Электрондық еңбек биржасы порталындағы жеке кабинетіне жұмыс берушіден сұрау келеді. Оң жауап алғаннан кейін, ЕШЕБЖ жеке іске қол жеткізуге мүмкіндік береді. Оның негізінде жұмыс беруші қызметкерді жұмысқа қабылдау және онымен еңбек шартын жасау туралы шешім қабылдайды. Осы жерде электрондық еңбек шартының жобасын жасауға болады. ЕШЕБЖ қызметкердің сауалға жауабын күнтізбелік 7 күн ішінде күтетінін атап өткен жөн.

Қызметкердің жеке ісін ұсыну сервисі шеңберінде ЕШЕБЖ ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерімен, сондай-ақ ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетімен біріктірілген.

МЕДИА

Төртінші биліктің күші артады



БАҚ өкілдерімен медианы дамыту мәселелері талқыланды. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаров «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» алаңында Қазақстанның Бас редакторлар клубының мүшелерімен кездесу өткізді.

Гибридті форматта өткен шараға республикалық және өңірлік БАҚ өкілдері қатысты. Асқар Омаров өз сөзінде министрліктің алдында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Наурыз айындағы Жолдауында айтылған бірқатар нақты міндеттер тұрғанын атап өтті. Салалық заңнаманы жетілдіру, отандық медиа кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін және мемлекеттік ақпараттық саясатты арттыру және күн тәртібіндегі басқа да өзекті сұрақтарды ортаға салды.

Шараға қатысушылар БАҚ-ты дамытудың өзекті мәселелерінің барлық спектрі бойынша министрліктің барлық бастамаларын талқылауға белсенді қатысуға дайын екендіктерін білдірді. Жалпы, қатысушылардың пікірінше, министрліктің ақпараттық жұмыстағы тәсілдерін жетілдіру еліміздің медиакөністігін одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал ететін болады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

БҰЛБҰЛ

Әсем даусымен әлемнің 54 елінің сахнасында 30-дан астам тілде
ән салған қазақтың бұлбұл қызы, Халық қаһарманы
Роза Бағланова жайлы бір үзік сыр

Биыл қазақ халқының
мандайына біткен асыл
қыздарының бірі, бірегейі Роза
Тәжібайқызының туғанына
100 жыл толды. Бұл айтулы мерейтой
ЮНЕСКО көлемінде кеңінен атап
өтілуі – үлкен қуаныш. Аты аңызға
айналған әнші, КСРО және
Қазақстанның халық әртісі Роза
Бағланова жөнінде өз естелігімді
айтуды парызым санаймын.



Қазақстан орталық партия комитетінің
Ғылым және оқу орындары бөлімінде
жауапты қызмет атқарып жүргенімде Роза
Тәжібайқызымен алғаш рет етене таныс-
тым. Бір күні бөлім бастығы, халқымыз-
дың біртуар ұлдарының бірі Санжар Жан-
досов: «Бізді Орталық партия комитетінің
идеология жөніндегі хатшысы Саттар
Нұрматұлы Имашев шақырып жатыр» де-
генге кабинетіне барсақ, Роза Тәжібайқы-
зы отыр екен.

Бұрыннан атына қанықпыз, көрген
жерде жылы амандасып жүретін ақжарқын
жанмен сәлемдестік. Саттар Нұрмашұлы
Роза Тәжібайқызының нақты өтінішпен
келіп отырғанын айтты.

Әншінің бұйымтайы Тәжен деген жал-
ғыз ұлына қатысты шаруа екен. «Көбіне
гастрольдерде жүремін ғой, балама ойда-
ғыдай көңіл бөле алмаймын. Оның білімді,
білікті, жақсы азамат болуын аңсаймын.
Мәскеу қаласында елшілер мен сырт елде
ұзақ сапарда болатын жауапты қызметкер-
лердің балаларын тәрбиелейтін мектеп-
интернат барын естіп едім. Мүмкіндік
болса соған орналастыруға көмектесу-
леріңізді сұраймын», – деді.

Біз бірден іске кірістік. Алдымен
Мәскеудегі жолдастармен ақылдасып,
мәселенің жәй-жапсарын анықтап, КОКП
Орталық Комитетіне хатшының атынан
арнайы хат жолдадық. Қағаз дайындау
барысында Роза Тәжібайқызы өз өмірі
туралы, бастан кешкен жағдайларды әңгі-
мелеп айтып отырды. Мектеп бітірген соң
Қызылорда педагогикалық институтына
түскенін, аяулы әкесі кенеттен қайтыс
болған соң, туыстарды паналап Ташкент
қаласына барғанын, әншілік жолын, өнер-
дегі бағын ашқан өзбек филармониясы-
ның директоры Кари Якупов екенін тебі-
рене еске алды. Одан кейінгі өмірі
бәрімізге белгілі.

Ол кісімен сол жолғы таныстығымыз
кейінгі жылдарға дейін жалғасып, кездес-
кен жерде жылы шыраймен амандасып,

талай дастархандарда, отырыстарда бірге
болып жүрдік.

Біз Роза Тәжібайқызының концерт-
теріне жұбайымыз екеуіміз бірге баратын-
быз. Халықтың, көрермендердің ол айтқан
әндеріне дән риза болғанының, шаттыққа
бөленгенінің куәсі болдық. Димекең бір
үлкен жиналыста қазақ әйелдері туралы
айта келіп, қазақтың мандайына біткен
асыл, аяулы аруларымыз Күләш Байсейіт-
оваға, Шара Жиенқұловаға, Роза Бағланова-
ға үлкен баға бергені есімде жатталып қа-
лыпты.

Бір жолы Орталық аурухананың (ха-
лық арасындағы қазіргі атауы – Совминка)
2-ші терапия деген бөліміне кезекті қара-
луға жаттым. Келесі күні сол бөлімге Роза
Тәжібайқызы да емделуге келіпті. Арнайы
сәлем берейін деп шештім. Есік қағып па-

латасына кірсем, балконда демалып отыр
екен. Сәлемдесіп болған соң: «мені таны-
дыңыз ба?», – деп сұрадым. Бетіме қарап:
«Әбеке, неге танымаймын, бірақ көп болды
ғой. Фамилияңды ұмытып қалыппын», –
деп жымылып күлді.

Сол жолы көптеген кездесулерді еске
алып, өткен-кеткендерді ойға түсіріп, ұзақ
әңгімелестік. «Роза Тәжібайқызы, ән-
деріңіз керемет қой, «Ах, Самара городок»,
«Іңкәрім», «Ақмаңдайлым», «Ақсұңқа-
рым»... бәрі тамаша әндер, әлі құлақтан да,
естен де кетпейді, сізді де, әндеріңізді де
әрдайым сағынышпен еске аламыз» деймін
шабыт беріп.

Роза Тәжібайқызы да бірден әңгімені
іліп әкетті: «Оның несі бар, қалаған әніңді
қазір-ақ орындап берейін» деп, әсем де
сыңғырлаған сырлы даусымен бірнеше
әндерді тамылжыта орындап берді. Әңгіме
үстінде Орталық партия комитетінде ең
алғаш қалай танысқанымызды ризашы-
лықпен еске алдық. «Сол Тәженім, қазір
үлкен азамат болды, үйленді. Марал деген
келініме ризамын. Акерке, Тәжібай, Үр-
бибі есімді немерелерім бар», – деп қуаны-
шын жасырмай, ақтарыла сыр бөлісті.

Роза Тәжібайқызының халқына сіңір-
ген еңбегі зор. Ол кісінің есімі де, әндері де
мұхиттардан, құрлықтардан асып, дүние
жүзіне таралды. Халқы да Роза қызының
еңбегін жоғары бағалады. КСРО мен Қа-
зақстанның халық әртісі, Халық қаһарма-
ны атақтарын алуы, «Тарлан» қоғамдық
және «Дәнекер» халықаралық сыйлықта-
рымен, бірнеше жоғары орден, медальдар-
мен марапатталуы – соның айғағы. Жақын-
да теледидардан халқымыздың ардақты
қызы жайлы хабар берілді. Оның хан сара-
йындай ғаламат үйін, жиназдарын, көзінің
қарашығындай сақталған естелік дүние-
лерін көріп, әншінің жанұясына, ұрпағына
риза болдық. Ана аманатына адалдық та-
нытып келе жатқан Тәжен баласы мен
Марал келінінің «осы үй бүкіл халық ке-
летін, көретін, ардақты анамызды еске
алатын киелі де қасиетті шаңыраққа ай-
налса» деген тілектерінің орындаларына
біз де сенеміз.

Роза Тәжібайқызы сияқты жандар –
өмірге бір-ақ рет келетін тұлға, қайталан-
байтын құбылыс. Елі барда Роза Бағланова
есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Ол өзі
сүйген, өзін сүйген халқының жүрегінде
мәңгілік сақталады.

Әбіләкім ӘУБӘКІРҰЛЫ,
дербес зейнеткер.
Алматы қаласы.

КӨРМЕ

«ТҮС ПЕН ЖАРЫҚ» – сұлулықтың сырын ашады

Ә.Қастеев атындағы
Мемлекеттік өнер
мұражайының Орталық көрме
залында алматылық суретші
Раис Баширидің «Түс пен
жарық» атты көрмесі ашылды.



Мерейтойлық көрме экспозициясына ал-
матылық белгілі суретші Раис Баширидің 40
кескіндемесі қойылған. Кенептер суретшінің
бірнеше онжылдықтардағы шығармашылық
жолын көрсетеді, көрермендерге суретшінің
әлемді қабылдауының өзгеруі туралы баян-
дайды. Суретшінің шығармашылық тәжіри-
белерінің нәтижесі реализмнен абстракцио-
низмге ғана емес, сонымен қатар
миниатюралардан айтарлықтай қашықтықтан
қабылдауға арналған монументалды туынды-
ларды байқай аласыз.



Мұнда қылқалам шеберінің әртүрлі
жанрда салған картиналарын көруге болады.
Негізінен, ғарыш әлемі, суреткердің өзі тура-
лы, соңғы бірнеше онжылдықтағы көркемдік
ізденістері, т.б. қырлары көрсетіледі. Сон-
дықтан мұнда пейзаждар мен реализм жа-
нындағы картиналар мен өтпелі шығар-
машылық кезеңдегі туындыларын көруге
болады.

Көрмеге оның шығармашылық қыз-
метінің әр жылдары жазылған 40 туындысы
қойылған. Орынборда дүниеге келген су-
ретшінің шығармашылығына Белоруссияда
оқыған Бидер Вольф мектебінің ықпалы зор.
Кейінірек өзі үшін жаңа бағыттарды іздеумен
айналысқан ол мозаикалық кескіндемеге XIX
ғасырдағы француз шеберлерінің жұмысы-
ның әсерінен келді. Олар бояғыштарда түс-
терді араластырмай, бояудың кішкентай шп-
рихтары техникасын қолданған.

Аталған көрме 17 сәуірге дейін жалғаса-
ды.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

RECYCLE-ART

Алматыдағы Mega Park
ойын-сауық орталығында
Қуаныш Мұхамеджановтың
ұйымдастырумен recycle-art
бағытындағы ерекше көрме
ашылды.

Роботтар шақырады

Көрмеде тұрмыстық және өзге де техни-
кадан жасалған робот мүсіндері ұсынылады.
Талантты мүсіншінің жұмыстарын барлық
қалаушылар тегін көре алады.

«15 жыл тіс дәрігері болып жұмыс іс-
тедім. Бірақ бір уақытта бұл саладан кетіп,
жеке мейрамханамды ашуға бел будым. Қо-
нақтардың қызығушылығын арттыру үшін
ғимарат алдына Тайландта көрген робот
мүсінін орнатқым келді. Алайда, ес-
керткішті сатып алу және жеткізу мүмкін
емес екенін түсініп, оны әртүрлі материал-
дардан өзім жасауға бел будым», – деді
мүсінші.

Қуаныш Мұхамеджанов қалдықтарды
қайта өңдеу идеясын қолдайды. Сондықтан
өз жұмыстарын recycle-art бағытында техни-
калық қалдықтардан жасайды.

Recycle-art – әртүрлі тұрмыстық қалдық-
тарды өңдеп, олардан адам қызығатындай
туынды жасау арқылы әлемді сақтауға шақы-
ратын сала. Жаңа нәрсе жасау үшін мате-
риалдарды қайта өңдеу бағыты Пабло Пикас-
содан (1881–1973) басталды. Ол жаңа өнер
туындысын жасау үшін қағаздың, газет қаға-



зының және т.б. бөліктерін желімдеумен ай-
налысқан.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ОРАЗА ҮСТІНДЕГІ ОЙ



ИСЛАМ РУХЫ

*«елге пайдалы болсам» деген ниетпен
өмір сүруде жатыр*

Өмірдегі өз орнымызды қайтсек таба аламыз? Бақытты өмір сүру үшін не істеу керек? Өзіңнің өмірлік миссияңды қалай анықтауға болады? Осы және бірқатар өзекті сауалдарға шарият шеңберінде жауап алу үшін біз исламтанушы, теолог Рауан ЧИНГУЖАНОВПЕН сұхбаттасқан едік.

– Рауан Жұмабайұлы, «өзімді таппай жүрмін» дейтін адам көп. Бұған не айтасыз?

– Құдай әрқайсымызды белгілі бір мақсатпен жаратты. Егер сол мақсатқа сай өмір сүрмесек, адам өзін жоғалтқандай күйде болады. «Бірдене дұрыс болмай тұр, бірденені дұрыс істемей жүрмін» деп іштей өзі сезеді. Сол сезімді біз «өзімді іздеп жүрмін», «депрессиядамын», «өзімді жоғалтып алдым» деп әртүрлі атаймыз. Шартты түрде айтайын, мен қолымдағы телефонды балға қылып қолдандым делік. Телефонға жан бітсе, «негізі, жақсы телефон едім, неге мені балға қылып жіберді, ол үшін жаратылмаған едім, мені мақсатқа сай қолданбады» деп ренжиді. Содан телефон да депрессияға түседі. Сол сияқты, адам жаратылыс мақсатына сай өмір сүрмегенде өзін жоғалту сезімі пайда болады.

– «Жаратылыс мақсатына сай өмір сүру» деп нені меңзеп тұрсыз?

– «Адам не үшін өмір сүріп жатыр? Құдай бізді не мақсатпен жаратты?» деп өзімізге сұрақ қойсақ, «әрбір адам белгілі бір миссиямен жаратылған» деген жауап аламыз. Сол миссияның артында айналаңа пайдалы болу деген идея жатыр. Біз қалай және қай кезде айналамызға пайдалы боламыз? Ғибадат еткенде өзгеге пайдалымыз. Бізді Құдай ғибадат жасау үшін жаратты десек, онда ғибадатты тек қана намазбен шектеу қате болады. Ғибадат, ол – бала тәрбиесі, әке-шешене құрмет жасау, ел үшін пайдалы болу да – ғибадат. Бүкіл қарым-қатынас, адал ас жеу, адалынан табыс табу, мұғалімнің сабақ беруі, студенттің дәріс үйренуі де – ғибадат.

– Сонда ғибадаттың терминдік мағынасы қалай болды?

– Ғибадат – Аллаға жалбарыну, Алланың қалаған нәрсесін істеу. Құдай бізге нені өмір етгі? «Намаз оқы, ораза ұста, әке-шешенді құрметте. Халқыңа пайдалы бол, адалынан ас ішіп, адалынан табыс тап» деді. Шарияттың шеңберінде өмір сүру, ол – 100 пайыз ғибадат. Осы тұста «шарияттың рухы» деген бар. Ол не десеніз, ол – альтруизм. Мен мына қоршаған ортаға, қоғамға пайдалы болу үшін бармын. Құдай мені сол мақсатта, басқалардың пайдасына қолдану үшін құрал ретінде жаратты. Исламның, шарияттың негізгі рухы – осы, яғни адамзаттың бақытты өмір сүруі үшін өмір сүру.

Қай уақытта адам эгоист бола бастайды, жоғарыда айтқан сезім сол кезде адамға өзі-ақ келеді. «Өзімді жоғалтып алдым, өзімді таппай жүрмін, депрессиядамын» деген әңгіменің төркіні осыдан шығады. Біздің елдегі ажырасудың 99 пайызы – эгоизмнен. Альтруизм – эгоизмнің антонимі. Альтруист адам «мен басқалардың өмір сүруі үшін өмір сүруім керек. Қазақстан аман болуы үшін мен бармын» дейді. Эгоизм – осыған

керісінше. «Мен бармын. Бәрі мен үшін бар» дейді. Күйеуі мен әйелі бір-біріне «сен міндеттісің» деп бір-бірімен санасып отырса, одан қандай отбасы шығады? Отбасы – рухани атмосфера, өзара құрметке негізделуі керек. Эгоизм – шайтанның мақсаты. Альтруизм – адамның мақсаты. Бізді Алла елге, халыққа, айналамызға пайдалы болу үшін жаратты емес пе?! Ал шайтан бізді эгоизмге үйретеді. Ол Құдайдың жаратқан мақсатына қарсы амал етеді. «Сен өмір сүруің керек, ішіп-жеуің керек» дейді. Яғни адам «мен, мен» деп көкірегің кере бастайды. Ал елге пайдалы болсам деген ниетпен өмір сүру – исламның рухы.

– Демек, біз өзгенің қамын көбірек ойласақ, өз жолымызды табамыз дегіңіз келді ғой?

– Әрине. Бұл өмірде ләззат жоқ емес, ләззат көп. Бірақ адам қай кезде сол ләззаттың ең биік шыңына шығып, оның тәтті дәмін сезіне алады? Ол өзіміз жегенде емес, өзгеге жегізгенде, өзіңіз ішкенде емес, өзгеге ішкізгенде, кигенде емес, өзгеге кигізгенде шын бақытты сезесіз. Осы сезімдер адамда жиі әрі көп болғанда бұл адамға сенімділік береді. Сонда адам депрессияға қарсы тұрады, өзін жоғалтпайды. Неге олай? Себебі, сен айналана пайдалысың, мақсатқа сай өмір сүріп жатырсың. Олай болса, істейтін ісімізді дұрыс-тайық, елге пайдалы болу жолында ниетімізді түзейік.

– Өзінді дамыту неден басталғаны дұрыс?

– Негізінде, адам баласы – өлгенше дамитын жаратылыс. Бізде адамның дамуында белгілі шекара жоқ. Дамудың шыңына шыққан Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) десек, рухани деңгейіміз оған жеткенше бізге күнде даму қажет. Бүгінгі өмірің кешегі күннен бір саты жоғары болуға тиіс. Оны неден бастаймыз десеніз, қарапайым ғана кітап оқудан бастаңыз. Бір сағат кітап оқып, сосын екі-үш күн оқымай кетудің керегі жоқ. Исламда «Аллаға ең ұнамды іс – аз да болса үздіксіз (тұрақты) орындалатын амал» делінген.

– «Оқу» дегенде қазір бірден ойға психологиялық кітаптар оралады. Бәлкім, ол халықтың жаппай психологияға ден қойғанынан болар.

– Шариятта психологтың сұлтаны пайғамбарымыз (с.а.с.) деп айтар едім. Егер біз оның хадистерін психологиялық ракурста қарайтын болсақ, бала тәрбиесі, отбасы институты, жеке тұлғалық даму, қорқыныштан арылу, тәубе ету дегендер – тұнып тұрған психология. Бұрындары әр имам мықты психолог болған. Себебі, олардың құралдары – Құран аяттары мен хадистері болатын. Ал оның керемет құрал екеніне дау жоқ. «Нұр Мүбәрак» университетін бітіргендерге екінші мамандық ретінде психология не әлеуметтануды оқыған жөн едім. Хадисте психология жоқ емес, бар. Біз өзіміз оны аша алмаймыз. Себебі, бізде психологиялық білім жоқ. Қазір біздің қоғамға шариятты мықты білетін психологтар, шарияттан сауатты әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар қажет.

– Олар қоғамға не бермекші?

– Біріншіден, қоғамда исламофобия бар. Демек, біздің Қазақстанның қоғамы діни терминдерді қабылдамайды. Ал біз дінді түсіндіруіміз керек. Қоғам дінді қай тілде қабылдайды? Ғылыми тілде қабылдайды. Олай болса, біз дінді халыққа ғылыми призмада түсіндірейік. Қазір қоғам жаппай психологияға бет бұрды, олай болса дінді психология арқылы түсіндіріп берейік. Дінді айтқанда салт-дәстүр, тарих, әдебиет және психология тұрғысынан келуіміз керек.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Әсел ДАҒЖАН.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

САДАҚА – ЖАМАНДЫҚТЫ
ҚАЙТАРАДЫ

Алматылықтардың қала мешіттеріне беретін садақасында әлеуметтік осал топтар мен мұқтаж отбасылардың несібесі бар.

«Алматы Орталық мешітінде 600-ден астам көмекке мұқтаж отбасы тіркелген. Олар әрдайым Орталық мешіттен көмек алып тұрады. Қаладағы 52 мешіттің әрбірінде осындай мұқтаж отбасылар тіркелген. Оларға көмек көрсету халықтың мешітке берген қаражатынан жүзеге асырылады», – дейді Алматы қаласы бас имамының бірінші орынбасары Ержан Есім.

Сондай-ақ, оның айтуынша, биыл пітір садақасын үнмен, қаражатпен және gamadan2022.kz сайтындағы арнайы «пітір садақа беру» батырмасы арқылы беруге де болады. Алматы Орталық мешітінің ұстазы Руслан Қайыргелді қаладағы 52 мешіттің 47-сінде биыл тарауих намаздары оқылып, Құран хатым түсірілетінін айтты.

«Қала мешіттерінде түскі және кешкі намаздардан кейін дәріс, сабақтар өткізіледі. Ол жерден сіз өзіңізді толғандырып сұрақтарыңызға жауап ала аласыз», – деді Р.Қайыргелді.

Садақаны мешітке бармай-ақ, үйде отырып та онлайн беруге болады. Яғни Каспий банктің қосымшасындағы «Төлемдер» деген жерде Алматыдағы барлық мешіт тіркелген. Сол жерден «Садақа» деген бөлімді баса отырып, қалаған сомаңызды жіберуге мүмкіндік бар. Дінімізде «садақа – адамды жамандықтан, бөле-жаладан сақтайды» дейді.

ҚАДІР ТҮНІ

МЫҢ АЙДАН ДА ҚАЙЫРЛЫ

«Қадір» сөзі «үкім түні» мағынасын береді. Қадір түні – Алланың тағдырды үкім ететін түні. Құранда: «Ол кеште барлық хикметті істер айырылады. Бұл түнде келесі жылы істердің тағдыры жазылады», – дейді.



«Қадір» сөзінің тағы бір мағынасы – «абырой, бедел». Мұндай жоғары дәрежеге лайық болуының себебі, бұл түннің қадір-қасиеті мың айдан да қайырлы. «Қадір түні мың айдан да артық», – деп «Қадір» сүресінде баяндалады. Рамазан келгенде, Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Расында, сендерге бұл ай келді! Онда мың айдан да қайырлы бір түн бар. Сонда кім ол түні бейқамдық танытса, оның барлық игілігінен құр қалады. Ал оның барлық игілігінен тек нағыз мақұрым адам ғана айырылып қалады!», – деп жеткізген.

Сонымен қатар, «қадір» сөзінің бір мағынасы – «сығылысу». Осыған байланысты зерттеуші ғалымдар қадір сөзі «тарылу» мағынасын да білдіреді деген жорамалдар жасаған. Өйткені, бұл түні жер бетіне періштелер толып кетеді. «Қадір» сүресінде: «Ол түні періштелер және Жәбірейіл (оған Алланың сәлемі болсын) Раббыларының рұқсатымен әртүрлі іс атқару үшін түседі», – дейді. Сол түнгі көктем түсетін періштелердің саны жердегі майда тастардан да көп болады. Пенденің әрбір жасаған дұғасына «әмин» деп тұрады.

Дайындаған Әсел БЕЛДЕУБАЕВА.

АУЫЗАШАР ӘДЕБІ

Ауыз ашқан кезде құрмамен, сумен немесе сорпа, ет қосылған көкөніс тағамы сияқты жеңіл тағамдармен бастау керек. 15–20 минуттан кейін майы аз, отқа піскен етті тағамдар, бұршақ тұқымдастар, көкөніс тағамдары, салаттар, айран сияқты тағамдармен жалғастыру керек.



ЖЕҢІЛ ӘРІ ҚҰНАРЛЫ ТАҒАМ ПАЙДАЛЫ

Ашығу кезінде адамның жүйке жүйесі, асқазаны тітіркенген жағдайда тұрады. Әлсіреп, шаршап тұрасыз. Сондай кезде бірден қуырылған тамақ жеуге болмайды. Екіншіден, ашы тамақ жеу де дұрыс емес. Өйткені, ашығу кезінде асқазандағы сөл көбірек қорытылуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан ашы, майлы, кофе сияқты тез шөлететін, асқазанға салмақ түсіретін тағамдардан бас тартып, ағзаңызды жеңіл әрі құнарлы тағамдарға үйретіңіз. Ас мәзіріңізден қою шайды, тәттілерді (кондитерлік өнімдер), газдалған сусындарды алып тастаңыз.

Себебі, бұлар ағзаңызды әлсіретіп, қарныңызды тез аштырады. Оның орнына:

- талқан, тары;
- көкөністер мен жемістер;
- күріштен жасалған жеңіл тағамдар;
- қарақұмық, құрма;
- сұлы жармасы;
- табиғи шырындар: морс, қаркаде, компот;
- жасыл көкөністер;
- кептірілген өрік, мейіз, жаңғақ;
- жалбыз шайы, көк шай;
- қызанақ, зәйтүн, арпа наны;
- сүт өнімдерін көбірек қолданыңыз.

Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



ОТБАСЫ БЕРЕКЕСІ

қазаны қайнап, дастарханы жайнап тұратын қазақы қалыптан бастау алса керек-ті



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қайран, шешелер!

Біздің аналардың қолы ұннан босамайтын, оттан шықпайтын, ә, есіңізде ме? Ашыған қамырды қолын суға малып-малып алып қайыра илеп, тағы бастырып қоятын. Біраздан соң табасын майлап, қамырды салып, бетін жауып, көсеумен қыстырып алып, ошақтың көмейінде қып-қызыл боп жатқан шоққа апарып, көметін. Қып-қызыл боп піскен таба нанды оттан түсе салған бойда бетіне сары май жағып жеп алатынбыз. Берекелі, тойымды болатын.

Шешелеріміздің шөлпек, бауырсақ пісіргендері де ғажап еді. Қазіргі біз секілді ұнға сүт не айран, май, жұмыртқа қосып жатпайды, қолдан ашытылған табиғи ашытқымен қара суға илей қоятын. Сосын шөлпекті оқтаумен жайып жатпайтын, екі қолды суға малып алып қамырды олай-бұлай созғылап қызып тұрған табаға шыж еткізіп сала қоятын. Оны да қазан үстінен таласып-тармасып жеп алатынбыз. Қазір ойлап отырсам, ол бір берекелі шақ екен-ау! Етке салатын жайма нанды да сатып аламыз. Дәмі қолдан илеп, жайғанға жетпейтінін біле тұра, тағы сол «уақыт жоқ» дегенді сылтауратып, сөйлеміз.

Дастархан

Олар қонақ күтуге дайындалып жатты. Қыз-келіншектер салаттың түр-түрін дайындап болды, жеміс-жидектерді, көк-сөкті түгел жуды, шырын-сусындарды да арнайы ыдысқа құйып әзірлеп қойды. Енді үстел жасауға кірісті.

Айман кең-молынан жайылған дастарханның ортасына, екі жерден хрусталь вазаға салынған жемістерді апарып қойды. Сосын асүйден қазы-қарталарды таси бастады. Бір кезде Сақып әжей:

– Дастарханға бірінші нанды, бауырсақты қою керек, қалғанын сосын, айналайын! – деп сөйлеп тастады.

Ескінің көзі есті сөз айтты.



ПІКІР

Бір қап ұн

Римма ТҮНҒАТАР КЕЛІНІ,
тәрбиеші:

Енем «сыртта жүрген балаларыма» деп ұнды қабымен алып қоя береді. Ауылға барған сайын көлігімізге салып жібереді. Амал жоқ, үлкен кісіге ештеңе дей алмайсың, қалаға алып келеміз. Сосын босқа қоймайсың ғой, бір күн бауырсақ, келесі күні самса, одан арғы күні торт пісіремін. Етке де қамырды қолдан илеп саламын. Енемнің «ұн деген – береке ғой» деп жиі айтатын сөзін, әр барған сайын бір қап ұнды неге арқалатып жіберетінін осы күні жақсы түсініп жүрмін. Отбасынан тәтті нанның иісі шығып тұрсын, балаларым дастархан басында, жылы үйде, береке-бірлігі артып отырсын деген пейілі екен ғой. Шынымен, ұн – берекес. Сырттан ойнап келген кішкентайым қолдан піскен нанды аузына бұралап тығып жеп алады. Кешке күйеуің, қайның жұмыстан оралғанда алдарында буы бұрқырап ет немесе кеспе көже тұрғаны қандай жақсы! Күні бойы екі баламның соңынан жүгіріп шаршап қалатын болсам да, төзімділік танытып, мен де осы күні ұн тағамдарына баса мән беріп жүрмін. Нан – үйдің ырысын арттыратын кастерлі ас. Түнде, жатар алдында қамырдың илеп, нан ашытып қойсаң, таңертең пісіріп ала қоясың. Турап кеп қалғанда үгітіліп кете баратын дүкеннің нанына қарағанда өзің қолдан пісірген нанда береке көп деп ойлаймын.

Кешкілік

жұмыстан шығып, балаларға ыстық

бауырсақ ала барайын деп, супермаркетке кірдім. Бауырсақ, тандыр нан, самса, бәліштер сататын бөлімде кезек көп екен. Бауырсақты ыстық күйінде қазан үстінен алып кетіп жатыр жұрт.

– Қызда-ар, ешқайсымыз үйде бауырсақ пісірмейтін болғанбыз ба? – деп, жастардан ұялып тұрғанымды жуып-шайғансып әзілдеген болдым.

– Тәте-е, сізді қойыңызшы, жас-жас болып бізді айтсаңызшы! – деп аузын баса, ұяла күлді қараторы келіншек.

Иә, қазір азық-түлік сататын ірі сауда нүктелерінде, тіпті көше қиылыстарында да ұннан дайындалатын тамақтың бәрі сатылады. Демек, сұраныс бар деген сөз. Жасыратыны жоқ, біз, әйелдер «уақытымыз жоқ, күні бойы жұмыста жүріп шаршаймыз» дегенді сылтауратып, көбіміз үйде қамыр илеуден қалып бара жатқан-даймыз. Баламен үйде отырғанымыз да дүкенде бәрі самсап тұрған соң, дайынға жүгіреміз.



САЛТ-ДӘСТҮР

ЕРҮЛІК – жаңа көшіп келген көршілерге арналған ас. Жергілікті тұрғындар оларды жаңа ортаға тез бейімделуі үшін өздеріне қонаққа шақырады. Ерулік көршілерді жақындастыруға тиіс.

ҚҰРСАҚ ТОЙ немесе құрсақ пашу – келіннің аяғы ауыр екенін білген ене жақын туыстарын, көршілерін шақырып, мол дастархан жаяды. Бұл мерекенің мақсаты – тойлау және келінге көңіл бөлу. Үлкендер келінге бата беріп, абысындар өз кеңестерімен бөліседі.

ЖАРЫС ҚАЗАН. Әйелді толғағы қысып жатқан уақытта оның жақын туыстары, әсіресе әйелдер қонақтарға арнап ет пісіріп қою керек. Егер әйел қазан қайнағанға дейін босанса, оны жақсыға ырымдайды.

«БЫЛАМЫҚ» СОРПАСЫ. Бұл сорпа негізінен, оңтүстік және батыс өңірлерде дайындалған. Емдік болып саналады. Оны омырау сүті құнарлы болуы үшін жас босанған әйелдерге береді. Бұл ана мен балаға пайдалы.

АБЫСЫН АСЫ – әйелдерді біріктіреді және жақындастырады. Бұрын күйеулерінің рұқсатынсыз әйелдер көңіл көтеруге бара алмайтын. Ерлер тойға аттанғанда, айтта ауылда тек әйелдер қалады. Ол кезде олар өздеріне мереке жасайтын: дәмді ет пісіріп, самаурын қойып, ән айтып, қалжыңдасады. Бұл қазақ әйелдерінің бірлігі мен достығының көрінісі.

АСАТУ. Әдетте ақсақалдар өз қолдарымен табактан ет-нан қалдықтарын алып, балаларға береді.

Бұрын балалар қонақтардың тамақтанып болғанын күтетін.

«БЕЛ КӨТЕРЕР» – қарт адамдарға дәм беру. Егде адамдар ерекше қарауды талап етеді.

Олар үшін – тәттілер, қазы, сары май, жент, қымыз, ірімшік, бал және т.б. Оны көбіне жақын көршілері, балалар апарып беретін болған.

ҮЛПЕРШЕК – әкесі қызына сарқыт ретінде беріп жіберетін тағам. Бұл ата-аналар қызын жақсы көреді және оны қонаққа күтеді дегенді білдіреді. Оны жылқының жүрегінен дайындап, ұн салынған қапқа салып, бір айға қалдырады. Осыдан кейін оны дайындауға болады.

СЫРБАЗ ҚҰЫРДАҚ – сүтке немесе қымызға дайындалған. Жаңа піскен етке сүт құйып, қақпағы тығыз жабылған қазанда пісірген.

АЖЫРАСУ КӨЖЕ – көшу алдында дастархан жаю.

Осылайша адамдар туғандары мен көршілерімен

қоштасады. Өйткені, үнсіз көшіп кету тәрбиесіздік саналған.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Үйдің жылылығы

Екеуі де күні бойы жұмыста. Ерлі-зайыпты өз алдарына екі бөлек бизнеспен айналысады. Қолдарында екі-үштен телефон жүреді. Үнемі асығып, бір-бірімен де, айналасындағылармен де асығыс сөйлесіп жүреді. Бітпейтін шексіз шаруаларын қонақта отырса да талқылап, шешіп отырады.

Түскі, тіпті кешкі астарын да кафе, дәмханалардан ішіп келіп, үйге келгенде ұйықтай салады. Ертеңіне тағы сол сүрлігі. Балалары да соған үйренген. Дәу тоңазытқыш супермаркеттерден әкелінген, қатырылған дайын өнімдерге толы. Соларды суға салып қайнатып ішсе – ішті, болмаса пицца, бургер, чикенмен қоректеніп, смартфондарын құшақтап отыра береді. Ал оты жанып, қазаны бүлкілдеп жатпаған үйдің суып кететіні айтпаса да түсінікті.

Қазір үйіңізге қонақ шақыратын болсаңыз, «тапсырыспен бауырсақ, самса, тауық пісіріп, оны дастарханыңызға дейін қойып беретін» қызмет түрі де кеңінен етек жайған. Етке де қамыр илеп әуреленбейсіз, кептірілген жайма наныңыз да, кеспелер де дүкенде толып тұр. Жұмыс-бастылығымызды сылтауратып, жалқау болып бара жатқанымызды мойындайтын кез жетті-ау осы.

Қазір мұхиттың арғы жағында тамақ пісіретін роботтар шығып жатыр деседі. Беті әрмен, бізге келмей-ақ қойсын! Қазан-ошақтың басында құлтемірлер емес, өзіміздің қазақтың қыз-келіншектері жүрсін деп тілейік. «Дәм мен дидар ғанибет» деп, бір ғана ұнның өзінен ырыс, береке, молшылық, тоқшылық, мейірбандық, бауырмалдық, жылылық таба білген қазақтың дәмі таусылмасын!

Сыпыра

Шешелерімізде сыпыра деген болатын. Бұл бұйым қазір ұмытыла бастағандай. Себебі, біз қамырды шай ішетін үстелдің үстіне не тақтайға жая салатын болғанбыз. Сыпыра қазақ аналарының түсінігінде дастархан тәрізді береке, молшылық әкелетін, отбасының ынтымағын жарастыратын қасиетті асүй жабдығы саналған. Сондықтан сыпыраның аяқ астында қалмауына мән берген. «Сыпыраны теріс бүктеме» деген ырым сөз де бар. Қамыр жайылып болған соң, сыпыраның ішіне аздап ұн мен ашытқы қалдырып, алдымен ішкі жағын беттестіре екі бүктеп, кейін екі жақ шетін теңестіре қайырып, ортасына қарай теңдей бүктеп, жоғарыға қойған.

Иә, сыпыра – әйел затының отбасылық берекесінің негізі. Біз қазір үстелдің үстіне қамыр жайғанда ұн қалай десек те шашырайды, жерге түседі. Сондықтан сыпыра – тазалық, екінші жағынан береке үшін қолданылған, әрі ысырапқа жол бермеген. Ең тиімдісі, үстелдің үстін шашып, ұн жағып, оны сүртіп, тазалап жүрмейсін.

Айтпақшы, әулеттің үлкен аналары көз жұмғанда, келмес сапарға аттандырып жатқанда сыпыраны айналдырып алатын болған дейді. Ондағысы «берекесі үйде қалсын» дегенді білдірсе керек. Қазақтың наным-сенімі тектен-тек шықпаған, нәтижесі, тағылымы болған соң айтқан-ау.

Қара нан

Қара нанды ақ нанды жеуге ақшасы жеткірмей бермейтін адамдар сатып жейді екен деп ойлайтынмын бала күнімде. Сөйтсек, кейін қалаға келгенде білдік қой, қара нанды астың, денсаулықтың қадірін білетіндер сатып алады екен. Себебі, онда дәрумен көп болады.

Қара нанның құрамында амин қышқылдары, минералдар, макро және микроэлементтер мол. Темір және В, А, РР және Е витаминдеріне бай. Қара нанның құрамындағы авитаминоз көптеген ауруды жеңуге көмектеседі. Оны қыс мезгілінде жиірек тұтынған пайдалы екен. Себебі, осы уақытта біздің ағзамыз дәрумендер тапшылығына ұшырайды. Егер сіз қара нанды тұрақты түрде пайдаланатын болсаңыз, ас қорыту және асқазан-ішек жолдарының жұмысы қалыпқа келеді. Кейінгі медициналық зерттеулер қара нанды көп пайдалану қан диабетімен ауыру қаупін азайтатынын көрсеткен. Арықтағысы келетіндерге де пайдалы.

Бірақ қара нанды асқазан және ішектің ойық жарасы бар адамдардың жемегені дұрыс, сондай-ақ асқазан қышқылы артып кеткен кезде пайдалануға болмайды.

ТАЭКВОНДО АЛТЫНҒА БЕРГІСІЗ КҮМІС



Әділет Базарбаев таэквондодан Испанияда күміс жүлде иеленді.

Испанияның Аликанте қаласында өткен таэквондо саласында жоғары бағаланатын рейтингілік Spanish Open G2 турнирі өз мәресіне жетті.

Аталмыш жарыста 63 кг салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен жерлесіміз Әділет Базарбаев күміс медальге қол жеткізді. Алматылық таэквондошы алғашқы кездесуінде Рио-де-Жанейро олимпиадасының күміс жүлдегері таиландтық Тавин Ханпраттан басым түссе, жартылай финал жолдамасы үшін таласта Токио олимпиадасының күміс жүлдегері, Еуропа чемпионы тұркиялық Хакан Рекберді ұтты.

Естеріңізге сала кеткен жөн, айтылған додаға еліміздің атынан Ә.Базарбаевтан бөлек тағы бес спортшы қатысты.

ЖҰЗУ ЕҢ ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Жүзуден Қазақстан Республикасының жазғы ашық чемпионаты аяқталды.



Жарыс 30 наурыз бен 2 сәуір аралығында өтті. Жалпыкомандалық біріншіліктің қорытындысы бойынша бірінші орынды 43 714 ұпай жинаған Алматы қаласының командасы, екінші орынды 35 266 ұпай жинаған Ақтөбе облысының командасы иеленді. Үштікті 30 096 ұпай жинаған Нұр-Сұлтан қаласының командасы толықтырды.

Ақтөбе облысының өкілі Диана Тасжанова 1500 метр қашықтықты 17:31,08 секундта еркін стильмен жүзіп өтіп, Қазақстан Республикасының жаңа рекордын орнатты.

Чемпионат қорытындысы бойынша Қамзенов Айбек және Игнатова Ксения 17 маусым мен 3 шілде аралығында Венгрия астанасы Будапештте өтетін су спорты түрлерінен 19-шы Әлем чемпионатына қатысу нормативін орындады. Әлем чемпионатында Қазақстан намысын ұлттық құраманың бес мүшесі қорғайды:

1. Мусин Әділбек.
2. Қамзенов Айбек.
3. Қамзенов Айбек.
4. Пчелинцева Аделаида.
5. Игнатова Ксения.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

АУЫР АТЛЕТИКА

БАСЫНАН БҰЛТ АРЫЛМАҒАН...

Наурыз айының басында ғана қазақстандық ауыр атлет Нияз Рахымов 2016 жылғы Рио олимпиадасының алтын жүлдесінен айырылды. Ал жақында тағы 6 зілтеміршіміздің рұқсат етілмеген препарат қолданғаны анықталды делініп отыр. Бұл спорт түрінен бұрын да дауымыз аз емес еді. 2008 жылғы Бейжің олимпиадасынан бастап, күні кешегі Рио додасына дейін бес алтын, бір күміс, бір қоламыздан айырылды, басқа ел спортшыларының айыпталуы салдарынан бір алтын, бір күміс, бір қолаға ие болдық. Яғни Халықаралық ауыр атлетика федерациясының жан-жақты әрекетіне қарамастан, зілтемір спорты әл-әзірше толық тазара қоймайтын сияқты. 2028 жылғы жазғы ойындарда әлем алыптарының бәсекесін көре алмай қалуымыз да ғажап емес.

Н.Рахымов 2016 жылғы Рио олимпиадасында серпе көтеру бағдарламасында олимпиада және әлем рекордын жаңартып, олимпиада жеңімпазы атанды. Ол қытайлық Лю Сяоюнмен бірдей ұпай жинаса да (379), салмағының сәл жеңіл болуынан көшбасшы болып танылды. Сол кезде қазақ жанкүйерлері үшін Рахымовтың алтыны бір жұтым ауадай болған-ды. Илья Ильиннің екі алтыны, Светлана Подобедова, Зүлфия Чиншанло, Майя Манезаның Лондондағы алтындыры көзден бұлбұл ұшқанда, Нияз соның орнын аз да болса толықтырғандай серпілгенбіз. Бірақ бұл да уақытша жұбаныш болып шықты.

«Достар, Наурыз айы келгенде Халықаралық төрелік сотының (CAS) антидопинг департаменті шығарған шешім мені қатты ренжітті. Өкінішке қарай, оқиғаға қатысым жоқ екені туралы дәлелдерімді өткен жылдың тамызы айында өткен тыңдау барысында судьялар қаперге алмаған сияқты. Мен бұл



шешімге түбегейлі қарсымын! Соңына дейін күресемін! Апелляция беремін», – деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасына Н.Рахымов.

Алайда, қазірдің өзінде Рахымовтың ресми хаттамалардағы нәтижесінің бәрі белден сызылып, Рио олимпиадасының жеңімпазы ретінде Сяоюн көрсетіліп тұр. Батыс ақпарат құралдары таратқан ақпарат бойынша, Рахымовтың 2016 жылдың 15 наурызында, 10 маусымында және 16 шілдеде тапсырған сынақтары басқа адамдарға тиесілі. ДНҚ сәйкеспейді. Риода ол өзінің бұрынғы рекордынан 39 келі көп көтерді, сөйтіп, олимпиада чемпионы атанды.

Ал жақында сынамасы оң нәтиже берген зілтеміршілер арасында Токио олимпиадасының қола жүлдегері Игорь Сон да бар. Онымен бірге Абылай Әуелханов, Руфина Шалқарова, Юлия Потасова және Алексей Дроздов та жазықты болып отыр. Қазақстан ауыр атлетика федерациясының бас хатшысы Алдияр Нұралинов бұл спортшылардың барлығы Қазақстан деңгейіндегі тексерістен өте алмағанын айтады. 9 ақпан мен 2 наурыз аралығында Қазақстан ұлттық антидопинг орталығы ауыр атлетикадан Қазақстан ұлттық құрамасы мүшелерін жарыстан тыс уа-

қытта тексеруден өткізген. 28 наурызда келген нәтиже бойынша алты спортшының сынамасы талапқа сай болмай шықты.

Нұралиновтың айтуынша, бұл жолғы тексерістің Токио олимпиадасына еш қатысы жоқ, яғни олимпиададан жарты жыл өткен соң алынған. Демек, спортшының халықаралық табыстарына кедергі бола алмайды.

Федерация аты аталған спортшылармен және олардың бапкерлерімен кездесу өткізіп, ішкі тексерісті бастап кетті. Әзірше сынама-ның оң нәтиже беруіне қатысты бірнеше нұсқа бар. Дауға іліккен спортшылардың барлығы бір аймақтан болғандықтан, спорттық тағамнан кәдік болуы әбден мүмкін. Қалай дегенде де, нақты шешімді күтеміз. Оның үстіне, жақында Әуелханов, Шалқарова, Потасова үшеуі халықаралық жарысқа қатысуға тиіс еді. Халықаралық сындарда бір елдің үш спортшысы допинг қолданғаны расталса, ол елдің федерациясы айыпталып, спортшылары жарыстардан шеттетіледі.

Нұралинов Сонның да, Дроздовтың да Халықаралық тестілеу агенттігі талап еткен бақылау сынамасын бұған дейін де тапсырғанын, олардың таза шыққанын айтады. Не болса да, бұл да ұзаққа созылатын шаруа болатын сияқты.

СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКА

ҚҰРБАНОВ ПЕН КАРИМИДІҢ ОЛЖАСЫ

Доһада (Катар) спорттық гимнастикадан әлем кубогы кезеңінде қазақстандық гимнастар сәтті өнер көрсетті. Нариман Құрбанов атснарядынан алтын иеленсе, Милад Карими екі күміс медаль жеңіп алды, деп хабарлайды Olympic.kz.

Карими алдымен қоссырықтағы жаттығуларда бақ сынап, 14,566 ұпаймен екінші орынға тұрақтады. Бірінші орынды украиндық спортшы Илья Ковтун иеленсе, қола медальді ресейлік Иван Куляк жеңіп алды. Ал еркін жаттығуда отандасымыз 14,300 ұпай жинап, тағы да күміс жүлдегер атанды.

Израиль спортшысы Артем Долгопат жарыс жеңімпазы атанса, ирландиялық Эймон Монтгомери қола жүлдені қанағат тұтты.

«Нариманның финалдағы өнері көңілімнен шықты. Котбуста ол іріктеуде 15,250 ұпай жинап, ақтық сында құлап қалған еді. Осылайша жүлдеден тыс қалған. Доһа Құр-

КӘСІПҚОЙ БОКС

ҚОС АРДАҒЕР ҚОМДАНЫП ТҰР

9 сәуір күні Жапонияның Сайтама қаласында IBF және IBO нұсқалары бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Геннадий Головкин (41-1-1, 36КО) мен WBA Super нұсқасы бойынша әлем чемпионы Риото Мурата (16-2, 13КО) арасында жекпе-жек өтеді. Қос мықты өздеріне тиесілі ұш атақты да сарапқа салады.

Бұл кездесу 2021 жылдың соңында өтуге тиіс еді. Бірақ Жапонияда омикрон штамының күрт күш алуына байланысты шекаралар жабылып, жекпе-жек кейінге ысырылды. Онсыз да біраз уақыт жұрт көзінен жырақта қалған чемпиондар тағы төрт ай күтуге тура келді.

Головкин Лос-Анжелесте жаттығу кезеңін бастап, көкек айының басында Жапонияға жол тартты. Ол Муратамен кездесуден бір күн бұрын 40 жасқа толады. Белгілі бір дәрежеде «қарт» боксшы саналғанмен, отандасымыз әлі де алынбаған қамалым бар деп санайды. Ол Сауль Альвареспен екі рет жолыққанда да өзін жеңілген тарап деп санаған жоқ. Ал «Канело» болса, екінші кездесуден кейін бірнеше салмақ ауыстырып, әлем чемпиондарын жекпе-жекке шақырып, сайран салып жүр. 8 мамырда Альварес жартылай



ауыр салмақта WBA нұсқасы бойынша әлем чемпионы ресейлік Дмитрий Биволмен қолғап түйістірмек.

Бокс әлемінде орны бар мамандардың басым бөлігі Альварес Головкиннің спорттағы ғұмыры көлеңкеленуін күтіп жүр деп санайды.

Ал Мурата соңғы рет 2019 жылдың 23 желтоқсанында Июкогамада канадалық Стивен Батлерді 5 раундта техниккалық нокаутпен жеңіп, атағын сәтті қорғады. Бірақ содан кейін жұрт алдына шыққан жоқ. Ең қызығы, Мурата WBA нұсқасы бойынша чемпион атағына алғаш Хассан Н'Дам Н'Жикаммен

(Франция) таласып, бірінші кездесуде жеңілді, екіншісінде 7 раундта тізе бүктірді. Атағын екінші рет қорғағанда Мурата америкалық Роб Брантқа есе жіберді, бірақ қарымта кездесуде екінші раундта нокаутпен тұқыртты. Кейін осы екі экс-чемпион да отандасымыз Жәнібек Әлімханұлынан жеңілді.

Мурата қазір 36 жаста. Бұдан кейін оған Головкин сияқты атақты қарсылас кездесуі де мүмкін. Қалай дегенде де, кездесуді асыға күтеміз.

Дайындаған Естен САБАЛАҚ.



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Гүлшат ТҰТОВА,

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының актрисасы:



Өнер әртісті ғана емес, көрерменді де таңдайды

– Гүлшат апай, сіз ана бейнесін кемеліне келтіре кейіптеп, шынайылығыңыз бен шеберлігіңіз көрермен тарапынан жоғары бағаланып, халықтың көз алдында балажан ана образында сақталдыңыз. Театр мен кино әлеміндегі аналар рөліне апарған жол қалай басталған еді?

– Ана образындағы алғашқы рөлім кинода Еркін Рақышевтің «Жетімдер» фильмінен басталды. Фильмді әуесқой режиссер түсіргенімен, халық өте жақсы қабылдады. Екінші рөлімде «Біржан салда» Біржанның бәйбішесі Әбіштің рөлін сомдадым.

Алғашқы фильм арқылы қарапайым көрермен арасында танылсам, «Біржан салда» кәсіби деңгейдегі әріптестерімнің алдында өзімді таныттым деуге болады. Ана образын жетік жеткізе алатын мен сияқты актриса бар екенін дәлелдей алдым. Екі фильм де бір жылда түсіріліп, бір жылда шықты.

«Өнердегі төлқұжатым»

– 35 жасымға дейін фильмге түспедім. Өмірге бала әкеліп, өнердегі мансаптан бұрын отбасыма көңіл бөлдім. Театрдағы М.Әуезовтің керемет туындыларында, классикалық қойылымдар қойылған кезде мен декреттік демалыста болған екенмін. Менің Қаракөзім, Еңлігім мен Баяным – балаларым.

Театрға 1993 жылы қаңтарда келдім. Алғашқы рөлім – Болат Атабаевтың «Шағаласындағы» Маша образы болды. Кинода – «Жетімдердегі» Сандуғаш рөлі. Оның алдында 1-2 киноға түстім. Бірақ ол фильмдер халыққа танылмады. Режиссер Данияр Саламат маған «Сені бәрінен бұрын киноға мен түсірдім. «Әкем екеуміз» деген фильмге түстім деп неге айтпайсың?» деп ренжиді. Бірақ бұл фильмді жұрттың көпшілігі білмейді.

– Кино өнеріндегі жұлдызыңызды жаққан – «Жетімдер» фильмі. Расымен, сізді «Айгерім», «47 баланың анасы» сынды үнемі мұңды, ауыр фильмдердегі жағымды рөлдерде көреміз. Қандай кейіпкер бітім-болмысыңызға сай келеді?

– Қазіргі менің жасымдағы актрисаларға көбіне ана образын береді. Сондықтан парасатты, дана, тарихта қалған, бүгінгі күні жетіспейтін аналардың образдарын сомдағым келеді. Өзімнің болмысыма да осындай рөлдер жақсы келеді. Әйтпесе, мені талай мәрте жексұрын, алаяқ, саудагер рөлдеріне кастингке шақырып жатады. Бірақ мен кастингтен өтпеймін. Режиссерлер «сіздің көзіңіз мейірімге толы, жағымсыз рөл бет-әлпетіңізге келмейді» дейді.

– Досхан Жолжақсынов «Сенің көзінде мұң бар екен. Осындай актриса іздеп жүр едім» деп, «Біржан сал» фильміндегі Әбіш рөліне шақырту алыпсыз. Көзіңіздегі қайдағы мұң?

– Негізі, өнерде де, өмірде де өте бақытты әйелмін. Кейде өзім де «Неге менің көзімнен көбі мұң көреді?» деп таңқаламын. «Көздегі ол мұң қайдан келді?» деп, жауабын өзім де таба алмаймын. Мүмкін, адамның табиғаты солай жаратылатын шығар. Кейбір адамдардың көздері үнемі, тіпті, мұңайса да күліп тұрады. Менің жүрегімнің түкпірінде мұң бар болғаны ғой, демек. Сол көзге беріледі. Кез келген адамның жүрегіндегі нәрсе көзінде көрініп тұрады. Көз – адамның айнасы.

Әкем марқұм М.Әуезов театрына мені алғаш ертіп келгенде маған Сәбира Майқанованы көрсетіп: «Сен, міне, тура Сәбира Майқанова сияқты актриса боласың» деген еді. Ол кісі толық келген, жасы үлкен

«Нағыз рухани азық – театрда»

– Жақында жазушы-драматург Дулат Исабеков «бүгінгі театрда берекесі кеткен» деп еді. Театр әртісі ретінде бұл сөзге пікіріңіз қандай?

– Келісемін. Театрды заман өзгертіп жатыр. Әлеуметтік желідегі жеңіл әңгімелер көбейіп кетті. Театрдың дәрежесін заман төмендетіп жатыр. Рухани азық іздеген адам театрға келсе, іздегенін театрда тауып, «ертең тағы келемін» дейді де, театрдан шыққаннан кейін сол заманның ағысына түсіп, театрға келу керектігін ұмытып кетеді. Әрбір адам жақсылықтың лап етіп жан-жанын көргісі келеді. Ол нәрсе театрда бар.

Театрға келушілер өте көп. Аншлағ. Пандемия қалай бітті, қазір біздің театрда билет жоқ. Бір апта қалғанда «Бес бойдаққа бір тойға» билет іздеп көрші. Таппайсың. Достарыма, туыстарыма билетті күні бұрын алып қоятын болдым.

– Театр мен кино әлемінде қатар жүрген әртістерге тұрақты қойылатын сұрақты сізге де қойғым келіп тұр. Екі өнердің қайсысы жақын?

– Екеуін бөліп-жара алмаймын. Бал мен қанттың біреуін таңда десе, бірін таңдай алмайсың. Өнер де сол сияқты тәтті. Театрдан да, кинодан да нан жеп отырмын. Жасыратыны жоқ, пандемия кезінде мені театр асырады. Ал кино арқылы халық таныды.

– Шығармашылығыңыздағы соңғы жаналықтарға келер болсақ, «7 келін» телесериалында ең үлкен келіннің рөлін сомдадыңыз. Сериалға қалай келдіңіз, түсірілімдер бітті ме?

– Бірде «Еуразия» арнасынан құмалақшы ананың рөліне ұсыныс келген болатын. Ерекше, таңсық образ болғандықтан қызығып бірден қабылдадым. Ресеймен бірлесіп түсірілетін жоба болғандықтан, ол елдегі ұйымдастырушылар «бізге танымал әртіс керек емес. Көпке беймәлім әртіс керек» деп мені рөлге бекітпей тастапты. Содан кейін



болса да энергиясы көп нағыз қазақ әйелі болатын. Бикен Римова мен Сәбира Майқанова өзімнің жанымға жақын. Сол кісілердің ойнаған рөлдерін ойнасам мен де сол кісілер секілді сомдап шығар едім.

– Шетелде психологияға айтарлықтай әсер ететін түсірілім немесе қойылым аяқталғаннан кейін әртіске арнайы демалыс беріп, қалпына келу үшін барлық жағдай жасайды екен. Ауыр рөлден кейін қалыпқа келу үшін не істейсіз, қанша уақыт кетеді?

– «Жетімдерден» кейін 6 ай қатты ауырдым. Өйткені, фильм маған қатты әсер етті. Ең соңғы сахнада 12 дубльден кетіп отырды. Әрбір дубльде жылата бергендіктен жүйкеме қатты әсер етті. Жарты жыл орнымнан тұра алмай қалдым. Кинодағы алғашқы ауыр рөлім болғаннан кейін өзіме қатты қабылдап қалған болуым керек. Одан кейінгі образдарда өзіме қатты қабылдамаймын. Қазір рөлді ойнап шыққаннан кейін қайтадан бәрін ұмытып кетемін. Тәжірибе жинағаннан кейін әсер етпейді. Тәжірибесіз әртістерге қиындау болуы мүмкін. Маған қазір мұңды рөл берсе, 2 сағаттан кейін комедия жанрында да ойнай беремін. Бәрі тәжірибеге байланысты.

осы «7 келіннен» кастинг келе қалды. «Бір аптадан кейін түсірілім басталады, сізді ең үлкен келін рөліне бекітіп қойдық» деп хабарласты. Қуана-қуана қабыл алдым. Комедиялық жанрда өзімді сынап көргім келді. 1-сезон бітіп, көрерменнің назарына ұсынылды. 2-сезонды түсірілу жоспарлануда. Түсірілім Талдықорған қаласында өтті.

– Режиссер таңдайсыз ба?

– Жок, таңдамаймын. Режиссер таңдайтындай режиссер жоқ. Көбі мен сомдаған рөлдерді береді. Менің табиғатыма келмейтін мүлдем бөлек образ ұсынса, мен қиналар едім. Сол кезде режиссерді мойындаймын. Мен Болат Атабаевты мойындаймын, ол кісіден қорқатынымын. Режиссер солай болуы керек. Әртіс режиссердің дәрежесіне жету керек. Болат Атабаев – энциклопедия.

– Сахнада немесе сахна сыртында болған қызықты оқиғалармен бөліссеніз.

– Қызықтар өте көп. Жақында «Үміт үзім келмейді» қойылымы үстінде жарық өшіп қалды. Тастай қараңғыда 800-ге жуық көрерменге қойылым ойнадық. Театр сүйер көрермен жарықтың өшкеніне қарамастан тапжылмастан қойылымды көруді жалғастыра берді. Ұялы телефондарының жарығын сахнаға түсіріп, бізге қойылымды жалғастыруға мүмкіндік берді. Жарық өшкен кезде көрермен тып-тыныш болып тына қалды. Жарық, музыка бар кезде олай тындамас еді. Қойылымнан кейін әлеуметтік желідегі парақшама бір оқырманым «Бақытты бола жүріп, бақытсызбын деу – қасірет» деген өзім үнемі айтып жүретін сөзімді жазып жіберіпті. Әртіс үшін көрерменнің ықыласынан артық марапат жоқ. Театрдың әртісті де, көрерменді де өзіне тартатын күдіреті бар.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ЖАҢА КІТАП

«ХҮСНИХАТ»

оқырманға жол тартты



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

**Алматыда ақын Бауыржан
Әліқожаның «Хұснихат»
кітабының тұсаукесері өтті.**

Жиын Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасында ұйымдастырылды. Шараға Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып, ақын Қасымхан Бегманов, жазушылар, қоғам қайраткерлері, жастар қатысты. Ақын Мұрат Шаймаран сөз алып, жылы лебізін білдірді.

– Бауыржан шәкіртімнің кеші жоғары деңгейде өтті. Оған шығармашылық биік белестер тілеймін, – деді ол.

«Хұснихат» кітабы адамның сезім пернесін тербейді, өмір, уақыт, қоғам жайлы ой қозғайды. Бұл жөнінде жиналғандар нақтылай түсті.

– Бауыржан кітаптарының тұсаукесеріне осымен үшінші рет келудеміз. Талантты ақынға табыс пен шығармашылық шабыт тілейміз, – деді Бауыржан Жақып.

Кеште Кенен, Абай әндері шырқалды. Сондай-ақ, Бауыржан Әліқожаның сөзіне жазылған әндер де орындалды.

ЖӘДІГЕР

«Көненің көзі»



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

**Шаһардағы Орталық музей
қорында 14 мыңнан астам
әшекей бұйым сақтаулы.**

Музейдегі әшекей-бұйымдар археологиялық қазба жұмыстарынан табылған. Солардың біразы «Көненің көзі» көрмесіне қойылды. Күлтөбеден, Оңтүстік Қазақстаннан табылған таза алтыннан жасалып, гранатпен әшекейлеген сырға бар. Алтын сырға көрмеге алғаш рет қойылды. Сондай-ақ, XIX-XX ғасырдағы қазақтың зергерлік әшекейлері мен дәстүрлі ұлттық киімдері, көркемдік-тарихи маньзыдылығы жоғары 100-ден аса көне жәдігер қойылған. Мұнда сырға, білезік, сакина, шолпы және алқалардың түр-түрін көруге болады. Тіпті, аты аңызға айналған күміс көмей өншілер Күләш Байсейітова мен Жамал Омарованың да әшекейлері қойылды. Халық әртісі Шара Жиенқұловаға күйші Дина Нұрпейісова сыйға берген қос білезік те осында тұр.

Көрменің мақсаты – ұлттық мұраны сақтау, насихаттау және музей құндылықтарын жаңғырту дейді ұйымдастырушылар.

Айта кететін жәйт, қазақтың дәстүрлі мәдениетімен танысқыңыз келсе, 1 ай бойы ашық болатын «Көненің көзі» көрмесіне келіңіз.



СЕРІК ҚИРАБАЕВ – 95

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Ғылым күні қарсаңында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі Серік Қирабаевтың мерейтойына арналған «Академик Серік Қирабаев және әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» атты «Дөңгелек үстел» өткізді.



Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ,
ҚР ҰҒА академигі:

– Серік Смайылұлы, біріншіден, орда бұзар жасында талай биікті бағындырған талғампаз әдебиет сыншысы. Ол жөнінде жазушы Ғ.Мүсіреповтің «Менің ЦК-м Серік болды» деуі де тегін емес. Аңызға айналған бұл оқиғаның астарында 1958 жылы жазушылар съезінде бір топ жастың мақалалар жинағын 1959 жылдың жоспарынан алып тастағаны үшін Ғабит Мүсіреповтің өзін сынға алған жас сыншының әдеби сынға деген, әдебиетке деген қамқорлығы жатыр еді. Ол – 70 жыл орта және жоғары мектеп оқулығын жазған методист-әдіскер. 25 жасында мектеп оқулығын жазуға кіріскен оны уақыт-тың өзі ерте есейтті.

Соңғы жылдары жарық көрген «Қазақ романының тарихы», «Майдангер қаламгерлер», «Қазақ көркем сөзінің шеберлері», «XXI ғасыр әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі» сынды ұжымдық монографиялар мен «Майдан жырлары» атты Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған майдан газеттеріндегі жырлар жинағына басшылық жасаған да – Серік Қирабаев. Тәуелсіздік тұсында Серағаң қазақ әдебиетінің тұтас тарихын тағы бір сүзгіден өткізіп шықты. Ол – репрессияға ұшыраған қаламгерлер мұрасын насихаттаушы, зерттеуші.

Балтабай ӘБДІҒАЗИҰЛЫ,
профессор:

– Серағаңның өмір жолы бір ғана бағытта – филолог мамандар, тілші-әдебиетші, педагог кадрлар даярлауға ғана арналған жоқ, өзінің осыдан 70 жыл бұрын жазылып, қолданысқа енген орта мектептегі «Қазақ әдебиеті» оқулығы арқылы ол саналы да білімді ондаған буынды парасаттылыққа баулып, ізгілік нәрімен суарды. Осы арқылы академик Серік Смайылұлы Қирабаев еліміздің руханият әлемінде еңбек етіп жүрген барша зиялы қауымның шын мәніндегі ұстазына айналды.

Серік Смайылұлының еліміздегі білім беру ісін ұйымдастырудағы, осы бағыттағы мемлекеттік тұғырнамалар мен бағдарламаларды жасақтаудағы, сондай-ақ мұғалімдер мен оқытушыларға қажетті әдістемелік құралдар мен әдебиеттерді даярлауды жетілдірудегі еңбегі және бар. Табиғатынан өнеге үлгісі болып жаратылған Серағаңды «ұстаздардың ұстазы» етіп тұрған да – осынау ұлы қасиет, ғажайып еңбек.

Нұрәулет АҚЫШ,
филология ғылымының докторы:

– Серік Қирабаев қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілі Ғабиден Мұстафиннің, педагог-жазушы Спандияр Көбеевтің еңбектерін алғашқы рет тұтастай алып қарастырып, ғылыми айналымға енгізсе, Сәкен Сейфуллиннің артта қалған мұрасына байланысты да тұңғыш рет нақ осындай кешенді жұмыстар атқарды. Сондай-ақ, Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов есімдерін ақтап, олардың ұзақ жылдар бойы жасырын болып келген мұраларын халқына қайта оралту жөнінде ғылыми негіздеме жасаушы ғалымдарға жетекші болды.

С.Қирабаевтың сыншылық және әдебиеттанушылық еңбектерінің басым бөлігі қазақ совет әдебиетін зерттеуге арналды. Осы кезең ішінде өмірге келген ең сүбелі деген шығармаларды жан-жақты талдай отырып, олардың көркемдік идеялық жетістіктерін нақты ашып көрсете білді. Өзінің ізін ала шыққан және кейінгі буын зерттеушілерінің С.Қирабаев пікіріне арқа сүйемейтін, оның айтқан ғылыми пайымдарына жүгінбейтіні кемде-кем.

Гүлжахан ОРДА,
филология ғылымының докторы:

– Академик Серік Қирабаевтың тәуелсіздік тұсында жазған еңбектерінің ішінен «Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті» зерттеуін ерекше атауға болады. «Қазақ әдебиетінің тарихын, көне дәуірден бүгінге дейінгі өткен жолын зер сала қараған адам сол дәуірдің бәрінде де жалғасып, үзілмей келе жатқан бір ұлттық идеяны көреді. Ол – халықтың бірлігі, тәуелсіздік, ешкімге бодан болмай, дербес елдікті сақтау идеясы. Халық сол арқылы өзінің азаттығын, елдік намысын қорғаған. Мұның тегі арғы түрік мұраларынан бастау алатыны даусыз», – дей келіп, арысы «Күлтегін», берісі жыраулар поэзиясынан мысал келтіре отырып, осы дәстүрдің XX ғасыр басындағы әдебиеттегі жалғастығын кеңінен сөз етті.

«Ұлттық тәрбие және қазақ әдебиеті» атты мақаласында ұлттық тәрбиені қалыптастыруда фольклор мен көркем әдебиеттің рөлі жоғары екендігін айта келіп, «Жай айтқан сөзден гөрі әдеби образдар мен тапқыр, ойлы, шешен тілмен айтылған сөздер бойға тезірек даритынын» ескертсе, «Қазақтың дәстүрлі билер соты туралы бағалы зерттеу» атты мақаласында Салық Зимановтың «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» атты монографиясына талдау жасайды. Қазақстан ғылымының сардары, белгілі заңгердің ел билеу жүйесіндегі қазақтың ата заңдарын қазақтың шешендік өнерін терең игерген билер төрелігімен ұштастырғанын құптай келіп: «С.Зимановтың қазақтың билер сотын бірегей сот жүйесі есебінде қарап, әлемдік құқықтық мұра қатарына қосуы – тым батыл, әрі бүгінгі біздің тәуелсіздігіміз талап етіп отырған ерекше тұжырым», – дейді.

Ғалым еңбектері тәуелсіздік тұсындағы ұлттық әдебиеттану ғылымының табысы ретінде танылмақ.

Жазып алған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ШАРА

Экологиялық мереке



Суретті түсірген Самат Құсайынов



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыдағы Оқушылар сарайы экологиялық-биологиялық бөлімінің территориясында «Қанатты достарымызды қарсы алайық!» атты экологиялық мереке өтті.

Шараға қаладағы 8 ауданның оқушылары мен Іле Алатауы Ұлттық саябағының Талғар, Ақсай филиалдарының орманшылары қатысты.

Аталмыш шара барысында жас табиғат жанашырлары ағаш басына жасанды ұялар ілді. Орманшылар ағашқа зиян келтірмейтіндей етіп қараторғайлар мен шымшықтарға арналған құс ұяларын қалай ілуге болатынын балаларға көрсетті. Табиғаттың жас жанашырларына арнап экология-биология бөлімінің мұғалімдері эквоквест өткізді. Мереке соңында Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы қызметкерлері әр командаға еліміздің табиғаты туралы кітап сыйлады.

ЖОБА

Әскери киім өзгереді



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

ҚР Қорғаныс министрлігі әскери киім кию ережесіне өзгертулер әзірледі. Ве-

домство басшысының бұйрық жобасы талқылауға шығарылған.

«Бұйрық жобасын қабылдау құқықтық нормаларға сәйкес келтіруге, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Әскери киім нысаны мен айырым белгілерін, сондай-ақ басқа да белгілерін кию ережелерінің кейбір қағидаларын нақтылауға мүмкіндік береді», – делінген Қорғаныс министрлігінің хабарламасында.

Ведомствоның атап өтуінше, жобаны іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, экологиялық және өзге де салдарға әкеп соқтырмайды, қосымша қаржы қаражаты талап етілмейді.

Бұйрықтың толық мәтінімен ашық нормативтік-құқықтық актілер порталында танысуға болады.

ЖӨН ЕКЕН!

Жаңа стадион ашылды



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Қалалық әкімшілік пен «Бірлік» мүмкіндігі шектеулі жандар қауымдастығының қолдауымен Медеу ауданындағы №98 жалпы білім беретін мектеп жанынан спорттық стадион ашылып, оқушылар игілігіне берілді.

Жаңа стадионның ашылу салтанатына Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев, аудандық Білім бөлімінің басшысы Ағайша Сапарова мен мектеп ата-аналары қатысты.

– Мемлекет басшысы биылғы жылды Балалар жылы деп жариялағаны белгілі. Осыған орай, біздің Медеу ауданындағы үш мектепте спорттық стадион ашылып отыр. Мектептің маңайында жекеменшік үйлер орналасқандықтан қандай да бір спорт кешенін салу мүмкін болмады. Сон-



дықтан осы мектептің ауласынан үлкен спорттық стадион ашу туралы шешім қабылданған еді. Мектепте қазір 1100 оқушы оқиды. Жаңа стадион барлық баланың спортпен айналысатын ортақ алаңы болады деп үміттенеміз, – деді Айдос Асқарұлы.

Білім ұясының басшысы Манат Әшірбекованың айтуынша, мектеп қабырғасы 1964 жылы қаланған. Мектептің күні бүгінге дейін талапқа сай келетін стадионы болмағандықтан, оқушылардың спортпен айналысуына да мүмкіндігі жоқ болды.

Барлық талапқа сай келетін спорттық стадионның ашылуына қолдау білдірген қала басшысына ата-аналар атынан Алтын Хұсайынова алғысын жеткізді.

Суретті түсірген Самат Құсайынов

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

Бойшаң сарбаз



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қазақстанның Ұлттық ұланы құрамында Отан алдындағы борышын өтеп жүрген қатардағы жауынгер Серікбай Қуаныш әскерге былтыр күзде Ақтөбе қаласынан шақырылған. Қазір Алматыдағы 5571 әскери бөлімінде қызмет етіп жүр.

2002 жылы туған Серікбай – отбасындағы үш баланың үлкені. Бойы – 2 метр 5 см. Ал аяғының өлшемі – 47. Оның өз атасының да, нағашы атасының да бойы екі метрге жуықтайды екен.

Әскери бөлімдегі ең ұзын сарбаз бала кезінде самбоға қатысқан. 9-сыныптан кейін орта арнайы сәулетші мамандығын алған.

Осы 5571 әскери бөлімінде тағы бір ұзын сарбаз бар. Аты-жөні – Алексей Ковалев. Мерзімдік қызметке Павлодар қаласынан шақырылған. 2002 жылғы. Бұған дейін машинистің көмекшісі мамандығын алып үлгерген.

Оның бойы – 1,97 м. Әулетінде анасы



мен нағашы ағасының бойы ұзын екен. Ол да бойынан ешқандай қысылмайтынын айтады. Қайта айналасындағылардан ерекшеленіп тұратыны өзіне ұнайды. Көшеде жүргенде оған да әдейі бұрылып тандана қарайтындар көп. Алексей бәріне жылы жымыяп қана қарап өтіп кетеді.

Бойшаң жігіттерге киім жағынан қиындықтар жоқ, қоймадан оларға шақ келетін киім-кешек табылады. Ең бастысы, олар Отан алдындағы борышын адал және абыройлы атқаруға тырысып жүр.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

**Алматы қаласының Қоғамдық кеңесін
қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы
Алматы қаласының Қоғамдық кеңесінің
мүшелерін сайлау жөнінде конкурс
жариялайды**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес (әрі қарай – Заң), Алматы қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы (әрі қарай – Жұмыс тобы) Алматы қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша байқау жариялайды.

Қоғамдық кеңес өкілеттігінің мерзімі үш жылды құрайды. Жұмыс тобының 2022 жылғы 5 сәуірдегі шешіміне сәйкес Қоғамдық кеңес мүшелерінің сандық құрамы 39 адам көлемінде айқындалды, оның ішінде 36 азаматтық қоғам өкілдері, 3 мемлекеттік орган өкілдері.

Жұмыс тобы қоғамдық кеңестің құрамын қалыптастырады. Жұмыс тобының құрамына азаматтық сектор, саяси партиялар, кәсіподақ, мүгедектер, ардагерлер ұйымдары, ШОБ өкілдері және заңгерлер кірді.

Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, Алматы қаласының аумағында тұрақты тұратын азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатураларды коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар, оның ішінде өзін-өзі ұсыну жолымен ұсына алады. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын бір заңды тұлғадан Қоғамдық кеңеске бір ғана өкіл сайлана алады.

Құжаттар Алматы қаласының Мәслихатына 2022 жылғы 6 сәуірден бастап 19 сәуірге дейін, дүйсенбіден жұмаға дейінгі аралықта сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін (үзіліс уақыты сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін) келесі мекенжай бойынша қабылданады: А15Н9Н0 (050057), Алматы қаласы, Жароков көшесі, 215-үй, 311-кеңсе. Анықтама телефондары: 8 (727) 380-04-03, E-mail: orgotdel@maslihat-almaty.kz.

Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтар көрсетілген мерзім аралығында келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) қоғамдық кеңестің құрамына өз кандидатурасын ұсыну туралы азаматтың өтініші (1-нысан);
- 2) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы (болған жағдайда);
- 3) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер (2-нысан);
- 4) сотталғандығының болмауы туралы анықтама;
- 5) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болмауы туралы анықтама ұсынылады.

Кандидаттар мынандай жағдайлар болған жағдайда конкурста жіберілмейді:

- 1) құжаттар топтамасын уақытылы немесе толық ұсынбау;
- 2) дәйексіз ақпаратты қамтитын құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсыну;
- 3) «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңның 10-бабының 3-тармағында белгіленген талаптарға сай келмейтін кандидаттар.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 8 айға – 4804 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 8 айға – 12964 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 8 айға – 3524 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

**«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға
жазылу жүріп жатыр!**

«ALMATY AQSHAMY»

жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

1-нысан

Алматы қаласының Мәслихаты

тұрақты тұратын
(елдімекен, көше, үй, пәтер)
кімнен

(өтініш берушінің аты-жөні, тегі
(бар болған жағдайда),
жеке куәлік №
берілді (қашан, кім)

Өтініш

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелігіне өз кандидатурамды ұсынамын.
Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.
Сондай-ақ, менің дербес деректерімді өңдеуге келісімді беремін.
Мынандай құжаттарды қоса беремін:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

20__ жылғы «__»

Өтініш берушінің қолы _____

2-нысан

Форма 2

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) /
фамилия, имя, отчество (при наличии)

Жұмыс орны/место работы, лауазымы/должность,
(болған жағдайда/при наличии)

ФОТО
(түрлі түсті/
цветное)

ЖЕКЕ МӘЛІМЕТТЕР / ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ		
1.	Туған күні және жері / Дата и место рождения	
2.	ЖСН/ИИН	
3.	Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы / Год окончания и наименование учебного заведения	
4.	Мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) / Квалификация по специальности, ученая степень, ученое звание (при наличии)	
5.	Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (болған жағдайда) / Государственные награды, почетные звания (при наличии)	
6.	Ұлты (қалауы бойынша) / Национальность (по желанию)	
7.	Байланыс телефондары, электронды поштасының мекенжайы / Контактные телефоны, адрес электронной почты	
ЕҢБЕК ЖОЛЫ/ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ		
Күні/Дата		Қызметі, жұмыс орны, мекеменің орналасқан жері/ должность, место работы, местонахождение организации
кабылданған/ приема	босатылған/ увольнения	

Кандидаттың қолы/
Подпись кандидата

күні / дата



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВРУ00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.



Армандар орындалады



Димаш Құдайберген өзімен кездескісі келетін ерекше баланың арманын орындады. Ол Дулат есімді 7 жасар балақаймен Дубайда кездесті.

Кездесуді «Менің арнамым» корпоративтік қоры ұйымдастырған екен. Қор өкілі Шолпан Арнауттың айтуынша, олардың басты мақсаты – ауыр дертке шалдыққан балалардың арманын орындау. Сөйтіп, 1,5 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан қор Дубайда 100-ші баланың қалауын орындады. Ұйымдастырушылар 25 наурыз күні Димаштың концерті болатынын естіп, арнайы Дубайға ұшып келген.

Әсерлі сәттің видеосымен Димаш Құдайберген желідегі парақшасында бөлісті. «Дубайдағы концерттен кейін мен жаңа досым – Дулатпен таныстым. Дулат бәрін қорғағысы келетін періште сияқты боп көрінді маған. Ол бәріне сүйіспеншілік танытып, ризашылық білдіріп, құшақтай берді. Мені осындай ерекше балапанмен таныстырғаны үшін «Менің арнамым» жобасының ұйымдастырушыларына рахмет!», – деп жазды Димаш.

Қор өкілінің айтуынша, Дулат Димашты өз досындай жақсы көреді. Балақай Дубайда өткізген екі күнінде өзін аса бақытты сезінген.

Перзентханаға – «КамАЗ»-бен



Алматы тұрғыны әйелі мен бөбегін перзентханадан «КамАЗ» жүк көлігімен алып кетті.

Әдетте әкелер перзентханаға сәнді жеңіл көліктермен келеді. Мұндай көріністер бізге таңсық емес. Ал шаһардағы №4 қалалық перзентхана қызметкерлері жас босанған Гүлмира Батырбайды нәрестесімен шығарып саларда ерекше көріністің куәсі болды. Келіншектің күйеуі әйелі мен ұлын алып кетуге перзентхана алдына қызылды-жасылды шарлар байланған бақадай 5 алып «КамАЗ»-бен келді.

Әрине, ол жеңіл көліктер таба алмағаннан емес, сүйікті жары мен сәбиіне деген үлкен құрметін осындай өзгеше тосын сыймен білдіргісі келгені анық.

«Біздің бір ұл, бір қызымыз бар. Енді үшінші баламыз өмірге келіп жатыр. Айтпөре деген есім бердік. Жұбайым – «КамАЗ» көлігінің жүргізушісі. Мен оны осындай өзгеше сән-салтанатпен келеді деп ойламадым. Перзентханадан шығарудың осылай болғаны мен үшін нағыз тосын сый болды. Мен өте бақыттымын! Қол-аяғымды аман-есен бауырыма алып, өмірге дені сау ұрпақ әкелгенім үшін №4 перзентхана қызметкерлеріне үлкен алғыс айтамын», – деді Гүлмира Батырбай.

Бұрымды қыз



Алматыда студенттер арасында қалалық «Бұрымды қыз» байқауы өтті. Оған әр білім ордасынан 55 бойжеткен қатысы.

Ұлттық құндылықты насихаттауды мақсат еткен, қомақты ақшалай жүлделер тағайындалған сайыста онлайн іріктелген арулар бұрымдарының ұзындығын өлшеп жарысқан еді. Ал актық мәреде халқымыздың салт-дәстүрі мен наным-сенімдері бойынша білгендерімен бөлісті. Байқау нәтижесінде бас жүлдені С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің 19 жастағы студенті Дилара Еслямбек қанжығасына байлады.

«Қазір өте керемет сезімде тұрмын. Себебі, бүгін менің туған күнім. Дәл осындай айтулы күнде өзіме-өзім керемет сыйлық жасаймын деп ойламадым», – деп бөлісті бұрымды ару байқаудан кейінгі ішкі сезімімен.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

МАРАПАТТАУ

Жас жеңімпаздарға сыйлық берілді



«Alataý Aqparat» медиахолдингінің ұйымдастыруымен өткен «Менің анам!» тақырыбындағы сурет байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Кішкентай қылқалам шеберлері мен өнерпаздарды құттықтау рәсімінде медиахолдинг басшылығы, байқауға серіктестік танытқан театрлардың өкілдері және жеңімпаздар мен олардың ата-аналары болды. Айта кеткен жөн, байқауға тек қана оқушылар емес, балабақша тәрбиеленушілері де қатысты. Сайысқа қатысушылар арасында Алматы қаласының балдырған өнерпаздарынан бөлек, елорданың кішкентай тұрғындары да бар.

Сурет салып, өз өнерлерімен бөліскен дарынды балдырғандарды марапаттау рәсіміне арнайы келген, осы байқауға серіктестік білдірген Мемлекеттік қуыршақ театрының өкілі Бейбіт Әлкеева: «Бала бойындағы талантты ашып, іштегі тұнып тұрған шеберліктің қанат қағуына мүмкіндік беріп, баланы жақсыға бейімдеу, бұл – ата-ананың үлкен еңбегі. Баланың жастайынан өнерге құмар болуы болашақта үлкен белестерге жетелейді. Бүгін осы сурет байқауына қатысқан әрбір бала талантты әрі өнерлі. Болашақта үлкен белестерді бағындыра берсін. Мәдени ошақ – театрларға келіп көкжиектерін дамытып, көзқарастарын кеңейтсін. Біз жеңімпаздарға қойылымдар көруге арнайы шақыртулар ұсынып келіп отырымыз», – деген жүрекжарды тілегін арнады.

«Менің анам!» сурет байқауында үздік деп танылған сегіз жеңімпазға «Alataý Aqparat» медиахолдингінің атынан естелікке кәдесый өнімдері



табысталып, байқауға серіктестік танытқан Мемлекеттік қуыршақ театры мен Н.Сац атындағы мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының қойылымдарына билеттер берілді.

Балаларға риясыз қуаныш сыйлаған байқауға тек жеңімпаздар ғана емес, ата-аналар да алғыстарын жеткізді.

Байқау медиахолдингінің инстаграмдағы @aqshamy.official ресми парақшасында өтті. Байқаудың шарты бойынша балалар «Менің анам!» тақырыбы аясында анасының суретін салып, видео түсірді.

Осы сайысқа атсалысып, өз жұмыстарын жолдаған біздің жас суретшілерімізге алғыс айтамыз!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НАУРЫЗ



Медеу ауданына қарасты «Белсенді өмір сүру орталығы» Наурыз мерекесін атап өтті.

Мереке жалғасуда

Көктем мерекесін қаламыздағы ардагерлер ұйымы да атап өтті. Қариялар қауымы концерттік бағдарлама ұйымдастырып, бір-бірін Әз-Наурыздың келуімен құттықтады.

Наурыз мерекесін 40 күн бойы атап өту дәстүрі мегаполисте былтырдан бері жаңғыртылуда. Ғасырдан жалғасқан әдет-ғұрыпты ақсақалдарымыз жастарға үлгі етіп насихаттауда. Наурыз мерекесін сәуір айында атап өткен олар концерттік бағдарлама ұйымдастырып, баршаны жаңару мен жаңғыру мерекесімен құттықтады.

Жалпы, бүгінгі таңда клубтың 100-ге жуық мүшесі бар. Қариялар бұл ұйымда бос уақытын тиімді өткізіп, жас ұрпақтың тәрбиесіне атсалысады.

Концерт кезінде қариялар өнер көрсетіп, әннен шашу шашты. Наурыз мерекесін осылайша ардагерлер дүркіретіп атап өтті.

Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.